

Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

@ alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

БАЙҚАУ

«ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ

ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ»

«Алатау» газеті штаттан тыс тілшілер арасында 1941-1945 жылдардағы соғыс майданындағы жауынгерлер есімін есте сақтау мақсатында байқау жариялайды. Олардың ерліктері арқасында бейбіт өмірге жеткенімізді жас ұрпаққа баяндап отыру – міндетіміз. Естеліктер осы байқау жарияланған күннен бастап 9 мамыр Жеңіс күніне дейін қабылданады. Көлемі А-4 пен 2 беттен аспауы тиіс. Жеңімпазға сыйлық редакция алқасының шешімімен беріледі.



БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕР НАЗАРЫНА!

Сіздерден Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандағы жауынгерлер ерлігін газет беттерінде жариялап, ерлігін елге танытқан қазақстандық әскери тілшілер мен фото тілшілер туралы жарияланымдар күтеміз. Ізденістеріңіз «Алатау» газетінде 26 маусымға дейін жарияланады. Үздік мақалаға бас редактордың жүлдесі бар.

Жарияланған мақалалар ТМД елдері құрған «Отанға тарту – Подарок Родине» чатында жарияланады. Чаттың әкімшісі елімізге танымал ғалым-тарихшы, журналист, Қазақ Ұлттық университетінің белсенді профессоры Ләйлә Ахметова.

Байланыс телефоны: 8 776 970 0718

Э/пошта: alatau.offset@mail.ru

МЕРЕЙТОЙ

70 МАЭСТРО ӘЛИ АЛШЫСБАЕВҚА

Біздің елде кім білмейді Әлиді,
Бар талантты беріпті оған тәңірі.
Әлдиіндей ақ әженің мейірімді,
Сазды әуені ұйықтатар сәбиді.

Шымкенттен, Алматыдан білім ап,
Музыканың барлық тілін біліп ап.
Дирижерлық, сазгер және ұстаздық,
Бойында бар көп қасиет бес аспап.

Қазақ, орыс, қытай, кәріс, якутты,
Тамсандырды сазды әуені жақұтты.
Европа бар талантын мойындап,
Аттай қалап Америка шақырды.

Үлкен-үлкен қалаларда, әлемде,
Музыканың тілін ұғар бар елде.
Форумдар мен фестивальға
қатысқан,
Үлкен құрмет көрсетілді Әлиге!

Атақтардың бәрі сізге лайықты,
Парасатты болмысың бар байыпты.
Мақтауға сай еңбегінді бағалап,
Жазған адам болмас сірә айыпты.

70 жасың құтты болсын жүзге жет,
Және-және көрсетілсін зор құрмет.
Жетісудың бағы үшін туылған,
Сіздей жанның бар болғаны
керемет!



БАСПАСӨЗ - 2026

Жазылу бағасы:

редакция арқылы

1 жылға – 4 212 теңге.

«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға

1 жылға – 6 550,96 теңге.

«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға

1 жылға – 8 925,28 теңге.

Цена подписки:

через редакцию

на год – 4 212 тенге.

через «Казпочту» для физических лиц

на год – 6 550,96 тенге.

через «Казпочту» для юридических лиц

на год – 8 925,28 тенге.

Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: **15534**

Подписной индекс для других регионов РК: **65534**



ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

6 ЖАҢА АҚЫЛЫ УЧАСКЕНІ ЕНГІЗУ КӨЗДЕЛГЕН

Шекаралық инфрақұрылымды дамыту аясында Еуразиялық Экономикалық Одақ елдерімен автомобиль өткізу пункттерінің жаңғырту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. 2028 жылға дейін 37 пунктін жаңғырту жоспарда бар. 2025 жылдан бері 14 нысанда құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар 5 пунктте жүк көліктеріне арналған сервистік аймақтар салынууда. Қалған 23 өткізу пункттері бойынша дайындық жұмыстары басталды. Бұл жайлы «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев ОКҚ алаңында өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

ЖАСТАРҒА 184 ГРАНТ БӨЛІНЕДІ

Қазақстанда 2026 жылға арналған «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын тағайындау конкурсы басталды. 2021 жылдан бастап грант жыл сайын 6 бағыт бойынша табысталады келеді: «Ғылым», «Мәдениет», «Ақпараттық технологиялар», «Бизнес», «Медиа» және «Волонтерлік». Әрбір жеңімпаз өз жобасын жүзеге асыру үшін 3 млн теңге алады. Грантты тағайындау 2029 жылға дейін жоспарланған. Биылғы ережелер туралы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында толығырақ айтып берді.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТОЛЫҚ ЦИФРАНДЫРЫЛҒАН

Бұрын инспекциялық тексеру кешенінен сағатына 20 автокөлік өтетін болса, қазір жаңа технологияның арқасында өткізу қабілеті екі есеге артып, өткізу уақыты қысқарды. Ескі тексеру кешенінде кеден бекетінен өту үшін жүргізушілер көліктен түсуге міндетті еді, қазір түспейді. Бұрын көлікті сканерлеуге 3-4 минут уақыт кететін, қазір бұл көрсеткіш едәуір жылдамдатылды: цифрландырудың нәтижесінде көліктің сканерленген суретіне талдау жасау пилоттық режимде жасанды интелект қолдану арқылы атқарылады.

200 ПӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙДІ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Талдықорған қаласында тұрғындарды жайлы баспанамен қамтамасыз ету мақсатында құрылыс қарқынды жүріп жатыр. Қала бойынша биыл 27 көпқабатты үйдің құрылысы жүргізілуде. Солардың ішінде, бюджет қаражаты есебінен «Ынтымақ» тұрғын үй алабында алғаш рет 5 қабатты, 200 пәтерлі 5 тұрғын үйдің құрылыс жұмыстары жақсы қарқынмен жүргізілуде. Жайлы баспаналар 2026 жылдың қыркүйек айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Жаңа үйлерде 1 бөлмелі – 50, 2 бөлмелі – 100, 3 бөлмелі – 50 пәтер қарастырылған. Барлық пәтерлер тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға кезекпен берілім.

ТАЛДЫҚОРҒАНДА НАРКОГРАФИТИ ЖОЙЫЛДЫ

Талдықорған қаласында полиция қызметкерлері есірткі қылмыстарына қарсы күресті тек жедел шаралармен ғана емес, алдын алу бағытында да жүйелі түрде жалғастыруда. Осы орайда Жетісу облысы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері «Taldykorgan jastary» филиалының мамандары және еріктілермен бірлесіп, наркографитиді жою және қала аумағын тазарту акциясын өткізді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – қаланың тазалығын сақтау, қоғамдық орындарды бүлдірудің алдын алу, сондай-ақ жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

65 ОТБАСЫ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

Өткен апта соңында Талдықорған қаласында пәтер кілттері табысталды. Тұрғын үй кезегінде тұрған әлеуметтік осал санаттағы 65 отбасы жаңа баспанаға қол жеткізіп, көптен күткен қоныс тойларын атап өтті. Салтанатты шарада қала әкімі Ернат Бәзіл жаңа пәтер кілттерін табыстап, тұрғындардың қуанышына ортақтасты. Жаңа үйлер қаланың Қ.Жалайыр даңғылы бойында орналасқан заманауи тұрғын үйлерден берілді.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ӨТТІ

«Қорғас» шекаралық бақылау басқармасында №19 өрт сөндіру бекетінің қызметкері, азаматтық қорғаудың аға сержанты Рамазан Нұрғалы жеке құрамға өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндірді. Іс-шара барысында жану қаупінің алдын алу шаралары мен төтенше жағдай кезінде дұрыс әрекет ету тәртібі айтылды.

Сонымен қатар, әскери техниканы пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажеттігіне ерекше назар аударылды. Кездесу жеке құрамның қауіпсіздік мәдениетін арттыруға және ықтимал төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталды.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

ПӘТЕР КІЛТІН ТАБЫСТАДЫ



Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев XXV жазғы Сурдлимпиада ойындарының грек-рим күресінен қола жүлдегері, былғғы Қазақстан чемпионы Рамазан Әбдрәсіл мен жаттықтырушысы Әлімжан Базарбекті қабылдады, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысы спортшыны жоғары жетістігімен құттықтап, оның Токио қаласында өткен XXV Сурдлимпиада ойындарындағы жеңісі тек Жетісу үшін ғана емес, бүкіл ел үшін маңызды оқиға болғанын жеткізіп, жылы лебізін білдірді. Кейін чемпионға Талдықорған қаласының жаңа шағын ауданында орналасқан тұрғын үйден бір бөлмелі пәтердің кілтін, жаттықтырушысына ақшалай сыйлық сертификатын тапсырды.

Кездесу соңында өңір басшысы жас палуанға алдағы Азия-

Тынық мұхиты ойындарында үздік өнер көрсетіп, әлемдік аренада ел абыройын асқақтататынына сенім білдірді.

Атап өтсек, былтыр қараша айында Токио қаласында өткен XXV жазғы сурдлимпиада ойындарында Р. Әбдрәсіл қола жүлде иеленсе, биыл 14-16 сәуір күндерінде Шымкент қаласында өткен Қазақстан Республикасының Кубогында I орын иеленіп, Азия-Тынық мұхиты ойындарына жолдама алған болатын.

Суретті түсірген: Дмитрий Ерофеев

ҚАЛА ӘКІМІ МОҢҒОЛИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласында Моңғолия Елшілігінде Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл Моңғолияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Гунаажавын Батжаргалмен ресми кездесу өткізді.

Кездесу барысында Талдықорған қаласы мен Моңғолияның Налайяқ қаласы арасында өзара ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған маңызды меморандумға қол қойылды. Құжат екі қала арасындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтеріп, түрлі саладағы байланысты кеңейтуге мүмкіндік береді.

Тараптар ауыл шаруашылығы, экономика және мәдени-гуманитарлық бағыттардағы ықпалдастықты дамыту мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, сауда-экономикалық қарым-қатынасты жандандыруға арналған нақты ұсыныстар қарастырылып, бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері сөз болды.

Өз кезегінде тараптар алдағы уақытта өзара тиімді жобаларды іске асырып, тұрақты байланыс орнатуға дайын екендіктерін білдірді. Келісім екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға қана қоймай, өңіраралық ынтымақтастықтың дамуына серпін бермек.

Кездесу соңында Ернат Бәзіл Моңғолия Елшісін Қазақстанның туристік аймақтарына, оның ішінде Жетісу өңіріне арнайы келіп, табиғаты көркем өлкемен танысуға шақырды.



«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Дереккөз Талдықорған қ. әкімдігінің ресми сайтынан

МОПЕД ЖҮРГІЗУ ТАЛАПТАРЫ ҚАТАҢДАТЫЛДЫ



Өткен жылдан бастап Жетісу облысында мопедтерді пайдалану талаптары күшейтілді. Ол туралы Жетісу облысының Полиция департаменті мамандары баспасөз мәслихатында ескертті.

Енді тіркелмеген мопедті жүргізуге және жүргізуші куәлігінсіз басқаруға тыйым салынады. Облыста әзірге 1489 мопед қана ресми тіркеуден өткен.

Жаңа ережеге сәйкес, мопед жүргізушілерінде А1, А немесе В санатындағы куәлік болуы тиіс. Сондай-ақ, көлік мемлекеттік тіркеуден өтіп, техникалық тексеруден өткізіліп, сақтандырылуы қажет.

Заң бұзғандарға айыппұл қарастырылған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 612-бабына сәйкес, көлік басқару құқығы жоқ адамдарға 20 айлық есептік көрсеткіш деңгейінде – 78 640 теңге, ал мемлекеттік нөмірі жоқ немесе тіркелмеген мопед үшін 590-бап бойынша 10 айлық есептік көрсеткіш (39 320 теңге) көлемінде айыппұл төлейді. Айыппұлдар 2025 жылғы АЕК мөлшеріне сәйкес төленуде.

Полиция мопед иелерін құжаттарын уақытылы рәсімдеуге шақырады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ


39 БАС АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ІРІ ҚАРА ҚОЛДЫ БОЛДЫ

Жетісу облысы Ескелді ауданында жайылымнан 39 бас асыл тұқымды ірі қараның жоғалу дерегі тіркелді. Мал иесі 13 сәуір күні полицияға жүгініп, жалпы 81 бастың ішінен 39-ының жоғалып кеткенін хабарлаған. Келтірілген материалдық шығын көлемі 46 миллион теңгеден асады, деп хабарлайды Ulysmidia.kz.

Оқиға бойынша құқық қорғау органдары дереу іздестіру жұмыстарын бастап, сотқа дейінгі тергеу амалдарын жүргізді. Жедел-іздестіру шаралары барысында көп жылдан бері малды бағып келген 45 жастағы бақташы күдікке ілінді.

Тергеу нәтижесінде оның қылмысқа қатысы бары анықталып, күдікті ұсталып, қамауға алынды. Қазіргі уақытта іс бойынша жан-жақты тергеу жалғасып жатыр.

Полицияның мәліметінше, жоғалған асыл тұқымды ірі қараның барлығы иесіне қайтарылған. Құқық қорғау органдары азаматтарға мал-мүлікті бақылауды күшейтіп, күмәнді жағдайлар туралы дер кезінде хабарлауды ескертті.



ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ САММИТ

ТОКАЕВ ПРИЗВАЛ К ЗАЩИТЕ КАСПИЯ



На Региональном экологическом саммите в Астане президент Казахстана заявил о необходимости усиления международного взаимодействия в сфере водных ресурсов и экологии – сообщает *Exclusiv.kz*.

Глава государства подчеркнул, что для Казахстана и всей Центральной Азии водная безопасность является стратегическим вопросом. Отдельное внимание Токаев уделил ситуации с Каспийским морем. Он отметил, что Казахстан инициировал межгосударственную программу по предотвращению его деградации, а также создал Научно-исследовательский институт Каспийского моря. Президент призвал международное сообщество поддержать усилия по сохранению Каспия и подчеркнул, что регион должен оставаться зоной мира — любое применение вооружённых сил здесь должно быть исключено. Кроме того, Казахстан предложил создать Международную водную организацию под эгидой ООН.

Фото: Акорда

НЕЗАКОННУЮ ДОБЫЧУ ПЕСЧАНО-ГРАВИЙНОЙ СМЕСИ ПРЕСЕКЛИ В ТАЛДЫКОРГАНЕ

В Талдыкоргане полицейские выявили факт незаконной добычи песчано-гравийной смеси на реке Балакты, передает *kazlenta.kz*.

Как сообщили в департаменте полиции области Жетысу, в ходе рейда был задержан погрузчик, который вел добычу без разрешительных документов. Технику отправили на специализированную стоянку.

По данному факту собраны материалы, их направят в уполномоченные органы для принятия процессуального решения.

Незаконная добыча полезных ископаемых – это не только нарушение закона, но и серьезная угроза экосистеме. Мы системно проводим профилактическую и оперативную работу, направленную на выявление и пресечение подобных фактов. С начала года сотрудниками полиции уже выявлено порядка 20 аналогичных правонарушений, – отметили в природоохранной полиции.



В КАЗАХСТАНЕ УЧРЕДИЛИ ДЕНЬ КАЗАХСКОГО ТАЗЫ И ТОБЕТА

Уже с 2026 года в стране будут отмечать День казахского тазы и тобета, сообщает *Exclusiv.kz* со ссылкой на *PRG.Zanger*.



Согласно документу, в календаре праздничных дат появилась новая дата — 3 сентября. В этот день будет отмечаться День казахского тазы и тобета. В Казахстане утверждён новый официальный праздник. Соответствующее постановление правительство приняло 15 апреля 2026 года. Речь идёт о двух национальных породах собак, которые считаются частью культурного наследия и традиций страны. Ожидается, что новый праздник будет способствовать сохранению и популяризации этих пород.

КОММЕНТИРУЕТ СПЕЦИАЛИСТ

НАЛОГОВЫЙ ДОЛГ: СВОЕВРЕМЕННАЯ УПЛАТА - ЗАЛОГ СПОКОЙСТВИЯ

Уплата законно установленных налогов, сборов и иных обязательных платежей является конституционным долгом и обязанностью каждого.

Налоговым кодексом установлено, что налогоплательщик обязан своевременно и в полном объеме исполнять налоговые обязательства. Налоговым законодательством предусмотрена возможность добровольного погашения задолженности без применения мер принудительного взыскания до передачи налогового приказа судебным исполнителем.

Если физическое лицо, которое не является ИП или лицом, занимающимся частной практикой, не платит налог в течение 30 рабочих дней после получения уведомления о налоговой задолженности и долг превышает 1 МРП, налоговый орган выносит налоговый приказ. Далее направляет этот приказ физического лица не позднее 5 рабочих дней через Кабинет налогоплательщика.

Если после получения приказа долг не будет погашен, налоговый орган в течение 5 рабочих дней направляет этот приказ на принудительное исполнение в органы юстиции либо в региональную палату частных судебных исполнителей.

Частные судебные исполнители в рамках Закона Республики Казахстан «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» вправе применять меры принудительного взыскания в виде ареста банковских счетов и имущества.

Таким образом, если вовремя не погасить налоговую задолженность, физическое лицо может столкнуться с неприятностями. Даже небольшая задолженность по налогам может привести к блокировке счетов и принудительному взысканию, что влечет дополнительные расходы и сложности.

Помимо налоговой задолженности с физического лица дополнительно взыскивается оплата услуг судебного исполнителя в размере до 25% от суммы налоговой задолженности.

Бибигуль ТАЛИМЖАНОВА,
Частный судебный исполнитель
исполнительного округа области Жетысу

КОРОТКО ОБО ВСЕМ

МИД КАЗАХСТАНА РАЗБИРАЕТСЯ С «ЧЕРНЫМ СПИСКОМ» В ГЕРМАНИИ

Почему казахстанцев включили в «черный список» в Германии, сообщает *Exclusive.kz* со ссылкой на *Ulysmidia*. Министерство иностранных дел Казахстана запросило разъяснения у немецкой стороны в связи с ограничениями на посещение одного из музеев военной техники в Германии для граждан 25 стран, включая Казахстан. В качестве причины указаны требования безопасности в рамках закона о проверке благонадежности (SÜG). Музей расположен в городе Кобленц и представляет собой крупную экспозицию военной техники и вооружения, функционирующую также как исследовательский центр. В его коллекции насчитывается около 2500 экспонатов, включая образцы оружия, техники и военной формы с XIX века. Как сообщили в ведомстве, вопрос находится на контроле, и в настоящее время ожидается официальный ответ от германских партнеров.

ДЕНЬ РОЖДЕНИЯ ГАЗИРОВКИ

24 апреля 1833 года в США была запатентована газированная вода. Этим «изобретением» мир обязан британскому химику, богослову и философу Джозефу Пристли, открывшему одно из свойств диоксида углерода, с помощью которого и стало возможным создать газированную воду. Газированная вода так популярна во всем мире, что некоторые предлагали объявить 24 апреля Днем Газированной Воды. Всемирно известная компания «Coca-Cola» была первой, кто догадался использовать изобретение Джозефа Пристли в коммерческих целях. В настоящее время существует большое разнообразие видов газированной воды и огромное количество торговых марок, выпускающих этот напиток, как в чистом виде, так и со всевозможными добавками.

ДЛЯ ДЕПУТАТОВ ПРИ РОСПУСКЕ ГАРАНТИРУЮТ ВЫПЛАТЫ

Депутатам маслихатов гарантируют выплаты в случае их роспуска. Такая норма содержится в законопроекте по вопросам государственного управления и самоуправления, рассматриваемом в Мажилисе, передает корреспондент *Tengrinews.kz*.

Как сообщила депутат Екатерина Смышляева, документ усиливает социальные гарантии депутатов маслихата. «В частности, предусмотрено возмещение командировочных расходов. Также в случае ликвидации маслихата депутатам, работающим на постоянной основе, предоставляются компенсационные выплаты сроком на 3 месяца до трудоустройства или до достижения пенсионного возраста ежемесячно выплачивается пособие в размере его среднемесячной заработной платы», – добавила депутат.

17 ЛЕТ ПРОСТОЯЛА В ОЧЕРЕДИ НА ПОЛУЧЕНИЕ ИЖС

Жительница Талдыкоргана обратилась в суд из-за очереди на земельный участок под ИЖС, сначала проиграла, но потом выиграла дело, передает *NUR.KZ*.

Первая инстанция административного суда области Жетысу отказал истцу в удовлетворении требований о признании незаконными действий аппарата акима Еркинского сельского округа Талдыкоргана и восстановлении ее в порядковой очереди на получение земельного участка. Фактическая очередь с момента подачи заявления на ИЖС была 18 октября 2006 года под номером 2325. На электронном реестре в 2008 году она значилась 1759, 21 апреля 2025 года она значилась 1751, то есть за 17 лет она продвинулась только на 8 позиций. В то же время материалы дела подтверждают, что только в период с 2009 по 2013 годы на территории Еркинского сельского округа было предоставлено не менее 462 земельных участков под ИЖС. Судом апелляционной инстанции вынесено новое решение об удовлетворении иска: действия аппарата акима Еркинского сельского округа признаны незаконными, возложены обязанности принять благоприятный административный акт и восстановить заявительницу в очереди на получение земельного участка с учетом фактического продвижения очереди с момента постановки на учет в 2006 году. Постановление вступило в законную силу.

ЖУРНАЛИСТЫ ТРЕБУЮТ ПЕРЕСМОТРА СТАТЬИ 274

В Алматы журналисты провели пресс-конференцию и выступили в защиту своих коллег, на которых завели дела по статье 274 УК РК. Они заявили, что эту норму сейчас применяют как инструмент давления на СМИ, и потребовали пересмотреть практику – уголовного наказания за публикации, сообщает *Ulysmidia.kz*.

Основная претензия профессионального сообщества, озвученная в обращении, заключается в самой формулировке статьи. По закону наказывать могут за распространение информации, которая якобы «создает опасность». Но четкого объяснения, что именно считается такой информацией, нет. «Правом экспертизы наделили полицейских». Даже обычный участковый без повестки может задержать журналиста, как особо опасного преступника. Участники пресс-конференции и подписанты обращения требуют немедленных реформ. Кроме того, журналисты просят Верховный суд дать четкие разъяснения, чтобы ограничить произвол следствия и прекратить практику необоснованных арестов. Профессиональное сообщество подчеркивает: если уголовные дела заводят без доказанного умысла, это лишает СМИ возможности выполнять свою роль общественного контроля и заставляет журналистов заниматься самоцензурой.

КАЗАХСТАНЦАМ НАЧНУТ НАПРАВЛЯТЬ НАЛОГОВЫЕ УВЕДОМЛЕНИЯ С МАЯ

Казахстанцам начнут направлять налоговые уведомления с мая, сообщает *Orda.kz*.

Вице-министр финансов Ержан Биржанов заявил, что банки уже передали государству все необходимые данные по операциям клиентов. Сейчас ведомство занимается их обработкой и анализом. «Каких-либо выводов, какие категории, какие меры, мы сейчас не можем представить», потому что первые уведомления мы будем направлять только в мае, потому что эту информацию надо проанализировать, сопоставить по категориям. Он индивидуальный предприниматель, либо он самозанятый, либо он нерезидент или какой-то другой категории», сказал Биржанов в кулуарах мажлиса. Окончательные выводы пока не сделаны, и говорить о количестве потенциальных уведомлений рано.

(Все материалы взяты из открытых источников)

САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІС ТӨҢІРЕГІНДЕ

Қосылған құн салығына қатысты өзгерістер жайлы жыл басынан түрлі ақпарат айтылуда. Ол туралы БАҚ беттерінде де күнделікті жаңалықтардан көріп жүрміз. Күні кеше Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінде өткен брифингте Мемлекеттік кірістер департаментінің мамандары да Салық кодексіндегі жаңашылдықтарды жан-жақты түсіндірді.

Басты жаңалықтың бірі ҚҚС бойынша тіркеу тәртібінің өзгеруі. Енді тіркеудің үш түрі болады: ерікті, міндетті және шартты. Бұл кәсіпкерлердің қызмет ерекшелігіне қарай икемді жүйе қалыптастыруға бағытталған дейді сала мамандары. Дегенмен, барлық субъектілер бұл жүйеге кірмейді. Мәселен, мемлекеттік мекемелер, жеке тұлғалар және арнайы салық режимін қолданатындар ҚҚС төлеуші ретінде тіркелмейді.

Кәсіпкерлерге тікелей әсер ететін тағы бір өзгеріс – міндетті тіркеу шегінің төмендеуі. Бұрын жылдық айналым 20 мың АЕК-тен асқанда ғана тіркелу талап етілсе,



енді бұл көрсеткіш 10 мың АЕК-ке дейін қысқарды. 2026 жылғы есеп бойынша бұл шамамен 43,25 млн теңге. Аталған өзгеріс шағын және

орта бизнес өкілдерінің бір бөлігін ҚҚС жүйесіне қосады дегенді білдіреді.

Заң талаптарын орындамаған жағдайда жауапкершілік те күшейіпті. Уақтылы тіркелмегендерге айыппұл салынып қана қоймай, ҚР ӨҚБТК-нің 275-бабы 5-тармағына сәйкес айыппұл - тіркелмеген кезеңдегі айналым сомасының 15 пайызын төлеу керек болып танылады. Сондықтан мамандар кәсіпкерлерге табыс көлемін үнемі бақылап отыруды ұсынды.

Салық мөлшерлемесіне келсек, негізгі ҚҚС деңгейі 16 пайыз болып белгіленгенін білеміз. Сонымен қатар, бірқатар сала үшін жеңілдетілген тариф қарастырылған. Мысалы, медициналық қызмет пен дәрілік заттарға 2026 жылдан бастап 5 пайыз енгізілсе, 2027 жылдан бастап ол 10 пайызға өзгереді. Ал тегін медициналық

көмектің кепілдік берілген көлемі бұрынғыдай салықтан босатылады.

Ақпарат саласына да қолдау бар. Отандық газет-журналдарды өткізу кезінде 10 пайыздық мөлшерлеме қолданылады. Бұл баспасөз нарығын дамытуға бағытталған қадам ретінде бағалануда.

Ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтіндер үшін қосымша жеңілдік қарастырылып, ҚҚС бойынша есепке алынатын соманы 80 пайызға дейін көбейтуге мүмкіндік берілді.

Есептілік тәртібі өзгермеді. Кәсіпкерлер тоқсан сайын декларация тапсырып, белгіленген мерзімде салық төлеуі тиіс. Бұл талаптарды сақтау – айыппұлдан сақтанудың басты жолы.

Жалпы алғанда, енгізіліп жатқан өзгерістер көлеңкелі айналымды азайтып, салық жүйесінің ашықтығын арттыруға бағытталғанын айтады облыстық МҚД Жанана салықтарды әкімшілендіру басқармасының басшысы Талғат Жарымбетов. Ол жаңа талапқа бейімделу үшін кәсіпкерлерге қаржылық тәртіпті күшейтіп, заңнаманы мұқият қадағалауға кеңес береді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДЫ ҰЛЫҚТАҒАН

Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ

«Алатау»

Күн санап әлемде де, елімізде де сандық технологиялар дамыған үстіне дамып келеді. Оның зиянынан пайдасы басымрақ. Ең бастысы – дұрыс қолдана білсек болғаны. Дегенмен, рухани даму жолында ұлттық құндылықтарымыз да ұмыт болған жоқ. Әсіресе, жасөспірімдер арасында тарихи терең ұлттық ойын тоғызқұмалақ жоғары деңгейде ұлықталып, халықаралық деңгейде танылып, түрлі елде ойналып жүр. Бұл көпшілік үшін қуанарлық жаңалық.

өрендерді ұлттық құндылықпен тәрбиелеп, тақтадағы тай жарыстарға қатыстырып, болашақ стратег жастарды тәрбиелеп жүрген жаттықтырушының спортшылары барған бәйгесінен жүлдесіз қайтқан емес.

Самат Дүйсекенов облыс орталығындағы Дөнеш Рақышев атындағы қазақ мектеп-интернатының түлегі. Талай қазақ баласымен интернаттың тәтті нанын бөліп жеген жалын жас бүгінде өзі білім алып, қанатын қатайтқан білім ордасының оқушыларына тоғызқұмалақтан үйірме өткізіп, мектептің атын шығаруға атсалысып жүр.

Білікті жаттықтырушының о бастағы мамандығы – бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі. Оқу бітіріп, қолына дипломын алған жас маманның еңбек жолы 2003-2005 жылдары осы қара шаңырақтан басталған. 2008-2024 жылдар аралығында 18404 әскери бөлімінде елдің тыныштығы жолында абыройлы қызмет еткен. Әскери қызметкер тәртіп пен шымдылықты бойына сіңіріп, абыройлы зейнет жасына шыққан соң ұстаздық жолды қайта жалғаған.

Ол бүгінде Талдықорған қалалық Үстел теннисі орталығы мен Ұлттық және ат спорты түрлерінен мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде адал еңбек етуде. Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында тынымсыз еңбек етуден шаршамайтын Самат Тұрдыбекірұлы бүгінде өзінің уақытын аямай, өзгенің уақытын аялап, болашақ чемпиондарды дайындап жүр.

Самат Дүйсекенов 1997 жылдары студент кезінен-ақ тоғызқұмалақ ойынына ерекше қызыққан. Сол қызығушылық пен ұлттық ойынға деген құрметі күні бүгінге дейін өз құнын жоймаған. Әр салада қызмет етсе де ол осы киелі ойынды насихаттаудан шаршамаған. Мысалы, осыдан 20 шақты жыл бұрын ұстаздық еткен уақытында бейнелеу өнерінен бөлек, тоғызқұмалақтан үйірме өткізсе, әскери қызмет кезінде тоғызқұмалақтан өткен жарыстарға белсене қатысқан. Тіпті, 2012 жылы Республикалық Қарулы күштер арасында өткен жарыстан I орын алғанын ерекше мақтанышпен еске



ШӘКІРТ ҮНІ

Адель АСАН:

– Ағай ойынды үйренгенімізше бізбен ойнап көрсетеді. Жатпаған дүние кез келген уақытта естен шығып кетуі мүмкін ғой. Ал көріп отырып өзіміз ойнасақ, ол жақсы есте қалады. Тоғызқұмалақ хоббиім, ары қарай да бұл спорт түрінен жетістіктерге жеткім келеді. Бұрын «Рапид» түрі өзіме жақын болатын. Арада үзіліс болғасын біраз техникаларын ұмытып қалыппын. Қазір «Классика» түрінен дайындалып жүрмін. Ағайдың үмітін ақтаймыз деп ойлаймын.

Хан ҚҰНАНБАЙ:

– Тоғызқұмалақ ақыл-ойды дамытудың таптырмас құралы. Математиканы да жақсартады. Сондықтан осы ойын түріне қатысамын. Біз көп ойын жаттаймыз. Сол арқылы жеңіске жетеміз. Әлі де жаттайтын ойын көп. Ағаймен бірге жетістікке жетеміз.

Мейірбек МҰХАММЕДХАНҰЛЫ:

– Ойын ойнау қабілетімді дамытып жатқанын байқаймын. Осы тоғызқұмалақ арқылы басқа елдерді, жерлерді көруді мақсат етемін. Ағайдың ойынды үйрету барысында 5 тастан 2 тас, 10 тастан 6 тас алуды, комбинацияны үйреткені қызық. Бүгінге дейін достық кездесуден 1 орын, екі мәрте 2 орын, үш рет 4 орын алдым. Бірақ әлі де жеңіске жету үшін бар күшімді саламын.

алады. Қазір де кейіпкеріміз 2 жылға жуық аталған спорт түрінен мектеп бұлдіршіндерін баулып, болашақ чемпиондарды дайындауда.

– Тарихи терең, тамыры берік еліміздің бес тас, асық, көкпар дегендей түрлі спорттық ойыны бар ғой. Соның арасында тоғызқұмалақ ойыны күн санап танылып, дамып келеді. Осыдан 20 жыл бұрын аталған ойын түрінің барын 100 мыңға жуық адам білсе, бүгінде бұл ойынды ойнап жүргендердің саны осынша. Түрлі бағытта пайдасы зор ойынның оқушылар арасында кеңінен тарағанына қуанамыз. Бұл өскелең ұрпақ үшін өте қажет ойын. Баланы шыдамдылыққа, сабырлыққа, шешім қабылдай білуге үйретеді. Зияны жоқ, пайдасы көп ойын. Тоғызқұмалақ үш бағыт бойынша

ойналады. Айырмашылығы «блиц» жылдамдықты талап етсе, «рапид» орташа қарқында, ал «классика» терең ой мен төзімділікті қажет етеді, – дейді жаттықтырушы.

Самат Дүйсекенов қалалық №25 Барлыбек Сырттанұлы атындағы мектепте аптасына 3 және Дөнеш Рақышев атындағы қазақ мектеп-интернатында аптасына 4 рет үйірме өткізеді. Сабақтың ұзақтығы 90-135 минут аралығында. Негізінен 6-15 жас аралығындағы оқушылармен жұмыс жүргізеді. Қазақ мектеп-интернатында 2 және 4 сынып оқушыларын өткен жылдан бері дайындаса, 7-8 сынып оқушыларынан құралған үлкен топты жыл басынан тәрбиелеп келеді.

Тоғызқұмалақ ойынының қыры мен сырын терең меңгерген шәкірттері қалалық, облыстық

байқауларда жүлделі орын алып, абырой биігіне көтеріліп жүр. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» демекші жақында №25 мектеп оқушылары 11 жас қыздар арасында Жансұлу Жұмаділ ойынның «Классика» түрінен III орын, «Рапидтан» II орын иеленді. Ал 9 жас ұлдар арасынан Ясин Еділ «Рапид» түрінен III орынды қанжығалаған. Дөнеш Рақышев атындағы қазақ мектеп-интернаты бойынша Адель Асан қалалық жарыста III орынға ие болса, Мейірбек Мұхаммедханұлы да жүлделі орындардан бой көрсетуде. Жаттықтырушы шәкірттерінің алдағы додалардан жүлделі оралатынына сенімді.

Самат Тұрдыбекірұлының айтуынша, тоғызқұмалақ тек математика мен логиканы жақсартып қоймайды. Құмалақты қолына салып ойнау арқылы баланың алақандағы ұсақ моторикасы дамиды. Оның ұзақ уақыт тілі шықпай жүрген балаларды сөйлетуге әсер ететінін тілге тиек етті.

– Бүгінде балалар арасында тілдің жай шығуы, кекештену, дұрыс сөйлей алмау жайттары жиі кездеседі. Мектепке баратын оқушылар арасында әлі дұрыс сөйлемейтін балалар да бар. Осы ойын олардың тілін шығаруға көмектеседі деп нық сеніммен айта аламын. Құмалақты алақанға салып ойнау кезінде қолдағы ұсақ моторика оянады. Ол мидың және тілдің жұмысына көмектеседі. Солай жаймен сөйлеуді жақсаруына әсер етеді. Өзіміз мүмкіндігі шектеулі 2013 жылғы балам бар. Оны арнайы орталықтарға апарғанда түрлі жаттығу түрлерін көремін. Тоғызқұмалақ ойынын да сөйлеуді жақсартатын орталықтардың жұмысына қосса, пайдасы тиер еді деген жеке пайымым бар, – дейді білікті маман.

Тоғызқұмалақ ойынын жанындай жақсы көретін шәкірттері ұстазына дән риза. Олармен сөйлескенімізде, ағайларына ризашылығын жасырмады. Әсіресе, интернатта оқып жүрген талай қазақ баласы Самат ағайларының әкелік қамқорлығы мен мейірімділігіне, қолдауына дән риза.

Ұлттық рухани мұрамызды жас ұрпақтың санасына сіңіріп жүрген әр ұстаздың еңбегі ерекше құрметке лайық. Самат Дүйсекеновтың есімі де сол құрметтің алғашқы сапында тұратыны анық. Ол үшін ең бастысы – адал еңбек етіп, сол еңбектің нәтижесін шәкірттерінің жеңісінен көру. Алдағы уақытта Самат ағайдың шәкірттері елімізді әлемге танытатын чемпион атанарына сеніміміз мол.



тегия құру және есептеу қабілетін дамытатын ерекше зияткерлік спорт түрі. Тарихи терең ойынның жойылып кетпеуіне мұрындық болып жүрген білімді де білікті жаттықтырушы көп. Соның бірі әрі бірегей Самат Дүйсекеновтың есімін ерекше атауға негіз бар. Себебі жас

таудан шаршамаған. Мысалы, осыдан 20 шақты жыл бұрын ұстаздық еткен уақытында бейнелеу өнерінен бөлек, тоғызқұмалақтан үйірме өткізсе, әскери қызмет кезінде тоғызқұмалақтан өткен жарыстарға белсене қатысқан. Тіпті, 2012 жылы Республикалық Қарулы күштер арасында өткен жарыстан I орын алғанын ерекше мақтанышпен еске

ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫНА 40 ЖЫЛ

ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫ ҮЛКЕН ҚАСІРЕТ

Сембек СОЛТАНҰЛЫ
«Алатау»

УКРАИНАДАҒЫ ЧЕРНОБЫЛЬ АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫНДА 1986 ЖЫЛЫ СӘУІР АЙЫНДА АЭС-ТІҢ 4 ЭНЕРГОБЛОГЫНДА АПАТ БОЛДЫ. ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ УКРАИНАНЫҢ ЕЛЕУЛІ АУМАҒЫ МЕН РЕСЕЙДІҢ БРЯНСК ЖӘНЕ КАЛУГА ОБЛЫСТАРЫНЫҢ АУМАҒЫ РАДИОАКТИВТІК ЛАСТАНУҒА ҰШЫРАП, АДАМДАР ӨМІРІНЕ ҚАУІП ТӨНДІ. КЕМ ДЕГЕНДЕ 5 МИЛЛИОН ХАЛЫҚ ЗАРДАП ШЕКТІ. ОНЫҢ ЗАРДАБЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҰЗАҚҚА БАРАТЫНЫ ӘЛІ БЕЛГІСІЗ ҚАЛЫП ОТЫР. ЯДРОЛЫҚ ЭНЕРГИЯ НЫСАНДАРЫНА ҚАРСЫЛЫҚ ТАНЫТУШЫЛАР 100 МЫҢ АДАМ ҚҰРБАН БОЛДЫ ДЕГЕН МӘЛІМЕТ АЙТАДЫ.

АПАТТЫ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУҒА ҚАЗАҚСТАН ДА ҚАТЫСТЫ

2023 жылдың 15 қыркүйегінде Талдықорғанда «Жеңіс» саябағында Чернобыль апатының салдарын жоюға қатысқан жетісулықтарға және Семей полигонының құрбандарына арналған ескерткіш ашылды. Чернобыльдағы радиоактивті зақымдану аумағында қатысқан қазақстандықтар саны түрлі деректерде әрқалай айтылады: 23 мыңнан 40 мың адам қатысты деген деректер бар. Өкінішке қарай, олардың көпшілігі бүгін арамызда жоқ. Чернобыль апатының салдарын жоюға қатысқандардың бірі Қоңыратбек Жолбосыновтың ай-

туынша, Чернобыль АЭС-ның апатына Қазақстаннан 35 мың адам қатысқан. Бүгінде олардың саны 5 мыңнан сәл ғана асады.

ЧЕРНОБЫЛЬ ЗАЛАЛЫН КӨРГЕН ЖЕТІСУЛЫҚ МОРЯК

Көксу ауданы Талапты ауылының тумасы Асылбеков Моряк Демегенұлы да атом станциясының апат зардабымен күресушілер қатарында болған.

- Мен 1966 жылы 4 маусымда Талапты ауылында дүниеге келдім. 1984 жылы мамыр айында әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышымды Украина елінде, Конотоп қаласында өтедім. Әскери борышымды өтеу кезінде, 1986 жылы 29 сәуірде дүниежүзін дүр сілкіндірген Чернобыль атом станциясында болған апат зардаптарын жоюға жіберілдім.

Чернобыль апаты 1986 жылы 26 сәуір түнгі сағат 1-де болды. Әрине, көптеген адам өлімі болғаны анық. Жарылыс болғасын 3 күннен кейін 29 сәуір күні біздің әскери бөлімнен 3 адамды дайындап апат болған 4-энергоблокқа кіргізді. Сол 3 адамның бірі бо-



лып мен де бардым. Алдымен үстімізге арнайы киім, бетімізге противогаз, басымызға арнайы радиация өткізбейтін материал қосып жасалған бас киім, қолымызға арнайы қолғап берді. Ешқандай ашық орын қалдырмай киіндірді.



өзінің сол кездегі іс-әрекеті мен көрген қиыншылықтарын қысқаша айтып берді.

- Соғыс ардагерлеріне теңестірілген әлеуметтік сатыдағы ардагер екенсің, марапаттарың бар ма өзі?

- 2014 жылы «Чернобыль батыры» медалімен, 2015 жылы «Айрықша тәуекел бөлімінің ардагері» медалімен, «Батыр шапағаты» медалімен, «Чернобыль апатының 30 жылдығына» орай медальмен және аудан әкімі Ф.Тоқпейісовтың алғыс хатымен марапатталдым. Мамандығым мұғалім болған соң бұгінде Мұсабек атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарып келемін. Әр отбасының амандығын, еліміздің тыныштығын тілеймін.

- Атом станциясындағы жарылыс салдарын залалсыздандару денсаулыққа зиян келтіретіні белгілі. Сондықтан өзің сияқты жауынгерлерге үкімет тарапынан қандай шаралар, қамқорлық, жеңілдіктер бар? Соларды атап айтсаң?

- Чернобыль апатына қатысқандарға ай сайын 30 мың теңге (дәрі-дәрмекке), жылына бір рет Қазақстан аумағы бойынша теміржолға, самолетке тегін билет беріледі. Санаторийге, госпитальға тегін емделу, ары-бері жолы тегін. Чернобыль апатына қатысқандарға аудандық бюджеттен жылына бір рет 200 мың теңге көмек беріледі.

Чернобыльшы жауынгерге зор денсаулық тілеп аттандым. Жол бойы ойланғаным, Кеңес одағы кезіндегі қандай зор алапат болмасын, қазақстандықтар алдыңғы лекте жүріп, абыройлы істер атқаратын. Жауды да, апатты да, атом зардаптарына да қатысып, залалсыздандырады. Қазақтың жігіттері мықты-ақ! Бірақ біздер көп құпияны біле бермейміз.

ОРЫНДАЛМАҒАН ҚҰПИЯ БҰЙРЫҚ

КСРО Қорғаныс министрі Д.Язов қол қойған №045 құпия бұйрықта: «...залалсыздандыру жұмыстарына жасы 30-ға жеткен, әрі үйленген, екі немесе одан да көп баласы бар азаматтар ғана тартылсын. Бұл жұмысқа тартылу мерзімі үш айдан аспасын» деп жазылған. Алайда, апатты залалсыздандыруға жастары жиырмаға толмаған әскерге шақырылғандар да тартылған. Тіптен, екі жыл қатарынан сонда әскери қызметін өтегендер де болыпты.

Әлемдегі ең үлкен атом бомбасын сынаған, ядролық сынақ

алаңы болған Семейде 456 рет жарылыс болды. Оның қуаты Чернобыльдегідей 119 апатпен тең екен. Алайда, адам өмірі мен қоршаған ортаға тигізген зияны туралы әлемдік қауымдастық әлі ештеңе білмейді. Жапониядағы Хиросима мен Нагасакиге тасталған АҚШ-тың атом бомбасынан 90 есе қуатты деп танылған Чернобыль туралы айтқанда Семей мен Аралды, Ақтау мен Сарышаған полигондарын да еске алу керек.

АПАТ ТУРАЛЫ КЕҢЕС ОДАҒЫ ҚҰПИЯ ҰСТАДЫ

26 сәуірдегі апатты тек екі күннен кейін ғана «Правда» газеті қатардағы жағдай ретінде көрсетіп, екі-ақ адамның өлгенін жазды. Шын мәнінде бірінші күні-ақ мыңдаған адам қаза болған. Апат ошағы Киевтен 157 шақырым қашықтықта еді. Соған қарамастан мұнда 1 мамыр мерекесі де аталып өтіпті. Тек келесі күннен бастап апатты аймақтан халықты көшіруді бастаған. Алайда, алдын-ала дайындықтың жоқтығынан, психологиялық көмек көрсетілмегендіктен апатты аймақтарды қамтыған Киевтен миллионнан астам тұрғын өз

Жарылыс кезінде салмағы бір тоннаға жететін темір жабулар мен бетондар аспанға ұшып, атом отынына жалғанған 1661 арна ашық қалған. Одан шыққан атом отыны ауамен араласып, желмен бірге айналаға тараған. Жарылыс кезінде жұмыста 4500 адам болыпты.

Аталған 4 блоктағы өртті өшіруге сегіз күн кеткен. Апаттың алғашқы күні 80 адам қаза болып, зардабынан 2 мыңнан астам адам ауруханада көз жұмған.

ҚАНША АДАМ ЗАРДАП ШЕКТІ НЕМЕСЕ МЕРТ БОЛДЫ?

30 шақырымдық апат аймағында 125 мыңға жуық адам болды. Апаттан кейін жарылған 4 блоктың реакторынан небәрі 8 минутта шыққан 140 тонна радиоактивті отын ауаға тарап, оның зияны АҚШ-тың Хиросима мен Нагасаки қалаларына тастаған екі атом бомбасының қуатына тең болды. Улы сәуле шабуылы Украинаның Киев, Житомир, Белоруссияның Гомель, Могилев, Ресейдің Брянск облыстарына толығымен тараған. Жалпы, радиоактивті отынның тозаңы 160 мың шақырым аумақта жайылып, 17 миллион халықты улаған. Апатты аймаққа КСРО-ның 11 облысы кірген.

1995 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы есебі бойынша 9 миллион адам зардап шеккен. Оның 4 миллионы -14 жасқа толмаған балалар. Бүгінгі таңда апат зардабынан қаза тапқандардың саны 320 мыңнан асты.

ҚҰПИЯ ҚАСТАНДЫҚ

КСРО Гидрометеорология орталығының бас директоры Юрий Израэль «Чернобыль аймағында әскерге берілген дозиметрлердің көрсеткіші төмендетіп қойылған еді...», - деп мойындапты 1991 жылы «Известия» газетіне бер-



Залалсыздандыру жұмысына тартылған қазақ жігіттері /Сурет тарих порталынан алынды/

ген сұхбатында. Міне, бұл – беті ашылған құпия қастандық.

ЧЕРНОБЫЛЬДЕГІ АЭС АҚЫРЫ ЖАБЫЛДЫ

2000 жылы 5 маусымда Украина президенті Леонид Кучма Чернобыль Атом Электр Стансасының ресми жабылғанын жариялады. Алайда тоқтатылған реакторлар мен ядролық отындарды бір жайлы ету үшін өте үлкен қаржы мен күш керек екені белгілі.

Деректер Informburo.kz сайтынан алынды



туынша, алғашқы шақыру кезінде 1986 жылы Талдықорғаннан Украинаға 100-ге жуық адам аттаныпты. «Бүгін сол 100 шақты адамнан тек 15 адамдай бармыз. Өзім химик-дозиметрист болсам да, зиян-қауіп туралы көп ойламадым. Біз ондай қатерлі іске Отан үшін бардық», - дейді чернобыльдық жауынгер.

Апатпен арпалысқан қазақстандық азаматтардың бүгінгі жағдайы туралы Чернобыль апаты Ассоциациясының құрметті президенті Болат Раздықовтың ай-

Сол кезде қап-қара болып күйіп кеткен адамдарды көрдік. Шамасы, алғашқы кезде не болғанын түсінбей, еш дайындықсыз кіріп кеткендер болса керек. Арнайы киіммен жүріп те жұмыс жасау өте қиын болды, - дейді Моряк Демегенұлы.

- Денеміз су болып терлейді, ешбір жерді шешуге, ашуға болмайды. Кешке жұмыстан келген соң душқа жуындырып, үстімізді мочалкамен әбден ысқылап жуады. Сондай сақтықтың арқасында аман қалдық деп ойлаймын, - деп

Дүйсенбі - Понедельник, 27 сәуір

ХАБАР

05.00, 01.00 «Фатмагүл»
07.00, 09.00 Әлеумет
09.30 «Көзқарас»
0.00, 23.00 «Эшрефтің Арманы»
12.00 Cover show
14.00 М/с «Барбоски»
15.00 Х/ф «Ну что, приехали?»
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Х/ф «Нам всем конец»
21.00 Сборник «Cover show»
21.30 Жаңалықтар
22.00 «КешREC»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Модный приговор»
11.45 «Пусть говорят»
13.20 «Аналитика»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 Kogemiz-шоу»
14.30 «Qoslike»
20.00 «Главные новости»
20.30 Сериал «Ментовские войны-11»
00.40 «Главные новости»
01.05 Сериал «Охота на изюбря»
02.10 «Басты жаңалықтар»
02.40 Кереміз
03.25 «Паутина»

КТК

07.05 «Әнім сен едің»
08.10 «Джелаладдин»
09.20 «Реальная мистика»
13.00 Сериал «Кольцо с рубином»
16.40, 01.40 Сериал «Дворняжка Ляля»
18.30 Сериал «Однажды в Чукурова»
20.35 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Клан ювелиров»
23.40 Сериал «Тверская. любой ценой»
03.10 «Джелаладдин»
04.10 Кешкі Жаңалықтар
04.30 «Ктк Қоржыны»
05.30 Әнім Сен Едің»

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.05 «Ұлт ұяты»
10.00 «Угәгәй melody»
11.00 «Бір шәугім шай»
11.35 Д/ф «Чудо великое – Дети»
12.05 «Әсем әуен»
13.05 «Единий народ»
13.35 «Әсем әуен»
14.00 «Әзекшарды»

14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «DARA LINE»
17.00 «Жетісу жақұты»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Гибрат»
20.00 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «Бала – өмірдің қызығы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Начать сначала...»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Аналар күні»
22.40 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00.04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Ризамын» ойын-сауық
07.00 «Kynin All» ойын-сауық
07.30 «Тәтті шоу» ойын-сауық
08.00.00.40 «31 әзіл» ойын-сауық
09.00 М/с «Аватар: Легенда об Аанге»
09.30 М/с «Губка Боб»
10.30 М/с «Пингвины Мадагаскара»
11.20 М/с «Кунг-фу Панда»
12.10 Х/ф «Брат или брак-3»
14.10 Х/ф «Лысый нянька: спецзадание»
16.00 Х/ф «Призрачный гонщик»
18.10 Х/ф «Кровавый спорт»
20.00 Информбюро (рус. каз.)
21.00 Х/ф «Самаритянин»
23.00 «Клинок дракона»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 Tik Tok show» ойын-сауық
03.20, 05.00 «What's up?»
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

06.02 «Тойхана»
07.00, 22.00 «Үзілген жапырақтар»
09.00 «Алдараспан». Әзіл-сықақ бағдарлама
11.00, 17.00, 18.30, 01.50 Телесериал
13.00 Х/ф «Рәкетир. Новые времена»
15.20 Х/ф «Самая обаятельная и привлекательная»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
20.00 Сериал «Ветреный»
21.00 Сериал «Далекий город»
23.40 «Әзілің жарасса»
01.00, 04.20 Жаңалықтар
01.20, 04.40 Новости
04.00 Гүл-гүл шоу
05.05 «Әсекшілер»

Сейсенбі - Вторник, 28 сәуір

ХАБАР

05.00, 01.00 «Фатмагүл»
07.00 Оян
09.00 «Народный контроль»
09.30 Мировые новости
09.45 Әлем жаңалықтары
10.00, 23.00 «Келінжан»
12.00 «Эшрефтің арманы»
13.00 «Ойна»
14.00 М/с «Барбоскины»
15.00 Х/ф «Нам всем конец»
16.30, 21.10 Сборник «Cover show»
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Х/ф «Управле ние гневом»
21.30 Жаңалықтар
22.00 КешREC

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 Доброе утро, Казахстан!
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Модный приговор»
11.50 «Давай поженемся!»
12.50 Сериал «Забудь и Вспомни»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
14.30 Qoslike
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 Kogemiz-шоу»
20.00 «Главные новости»
20.30 Сериал «Ментовские войны-11»
00.40 «Главные новости»
01.05 Сериал «Охота на изюбря»
02.10 «Басты жаңалықтар»
02.40 «Kogemiz-шоу»
03.25 «Паутина»

КТК

07.05.04.00 Кешкі жаңалық тар
07.25 «Әнім сен едің», ойын-сауым
08.10 «Джелаладдин»
09.30, 21.00 Вечерние
10.10, 23.40 сериал «Тверская. любой ценой»
12.10, 21.40 сериал «Клан ювелиров»
14.10 сериал «Кольцо с рубином»
16.40, 01.30 сериал «Дворняжка ляля»
18.30 сериал «Однажды в чукурова»
20.35 Кешкі жаңалықтар
03.00 «Джелаладдин»
04.20 «Ктк қоржыны»
05.20 Әнім сен едің»

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.15 К/ф «ЧИП»
11.05 «Әсем әуен»
11.35 Д/ф «Тазы. Сокровище нации»

12.00 «Аман болайық» /тікелей эфир/
12.40 «Әсем әуен»
13.05 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Гибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Аналар күні»
17.00 «Дала сыры»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»
19.45 «Әсем әуен»
20.05 Д/ф «Тазы. Қазақтың қазынасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Астана-Амман: жаңа мақсаттар»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Мектеп президенті»
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

31 КАНАЛ

06.00. 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Ризамын» ойын-сауық
07.00, 20.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00.01.10 «31 әзіл» ойын-сауық
09.00 М/с «Аватар Легенда об Аанге»
09.30 М/с «Губка Боб»
10.00 М/с «Пингвины Мадагаскара»
10.50 М/с «Кунг-фу Панда»
11.40 «Клинок дракона»
13.20 Х/ф «12 лет рабства»
16.00 Х/ф «Кровавый спорт»
17.50 Х/ф «Двойной удар»
21.00 Х/ф «Добро пожаловать в рай!»
23.10 Х/ф «Робо- коп»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 Tik Tok show»
03.20, 05.00 «What's up?»
05.20 «Ризамын» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина

7 КАНАЛ

06.02 «Тойхана»
07.00, 22.00 «Үзілген жапырақтар»
09.00 «Үздік өзілдер» Әзіл-сықақ бағдарлама
10.00 М/с «Ну, погоди!»
11.00, 21.00 Сериал «Далекий город»
12.00, 17.00, 01.50 Телесериал
13.00, 18.00 Жаңалықтар
13.15, 19.30 Новости
13.30 «Әмірші әйел»
14.50 «Сердечных дел мастера»
18.30 «Алыс шаһар»
20.00 Сериал «Ветреный»
23.40 «Әзілің жарасса»
01.00.04.20 Жаңалықтар
01.20, 04.40 Новости
04.00 Гүл-гүл шоу
05.05 «Әсекшілер»

Сәрсенбі - Среда, 29 сәуір

ХАБАР

05.00, 01.00 «Фатмагүл»
07.00 «Оян»
09.00 «Біздің назарда»
09.45 Әлем жаңалықтары
10.00, 23.00 «Эшрефтің Арманы»
09.30 Мировые новости
12.00 «КЕЛІНЖАН»
13.00 «Ойна»
14.00 М/с «Барбоскины»
15.00 Х/ф «Управле ние гневом»
16.40 Сборник «Cover show»
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Х/ф «В погоне за счастьем»
21.30 Жаңалықтар
22.00 «КешREC»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро, Казахстан»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Модный приговор»
11.50 «Давай поженемся!»
12.50 Сериал «Забудь и вспомни»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
18.30 «Басты жаңалықтар»
14.30 «Qoslike»
19.00 Kogemiz-Joy»
20.00 «главные новости»
20.30 сериал «ментовские войны-11»
00.40 «главные новости»
01.05 сериал «охота на изюбря»
02.10 «басты жаңалықтар»
02.40 «kogemiz-шоу»
03.25 «Паутина»

КТК

07.05.04.00 кешкі жаңалық тар
07.25 «әнім сен едің»
08.10 «джелаладдин»
09.30 21.00 вечерние новости
10.10, 23.40 сериал «тверская. любой ценой»
12.10, 21.40 сериал «клан ювелиров»
14.10 сериал «кольцо с рубином»
16.40, 01.30 сериал «дворняжка ляля»
18.30 сериал «однажды в чукурова»
20.35 кешкі жаңалықтар
03.00 «джелаладдин»
04.20 «ктк қоржыны»
05.20 «әнім сен едің» ойын-сауық (қайталау)

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.15 К/ф «Алыстағы жақын»
11.05 «Әсем әуен»

11.30 Д/ф «Шыңырау»
12.05 «Біздің толқын» /тікелей эфир/
12.50 «Әсем әуен»
13.05 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.25 «Ауылдан адам көшкенмен...»
14.45 Әсем әуен
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Мектеп президенті»
17.00 «Угәгәй melody»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Агро аймақ»
19.40 «Әсем әуен»
20.00 «Улавшие в пропасть»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Ұлттық құрылтай: ел мүддесі»
21.20 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Қожайынның балалары»
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

31 КАНАЛ

06.00.04.00 «әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Ризамын» ойын-сауық
07.00, 20.00 информбюро (рус. каз.)
08.00 «31 әзіл» ойын-сауық
09.00 М/с «аватар легенда об аанге»
09.30 М/с «губка боб»
10.00 М/с «пингвины мадагаскара»
10.50 М/с «кунг-фу панда»
11.40 Х/ф «добро пожаловать в рай!»
13.40 Х/ф «самаритянин»
15.40 Х/ф «двойной удар»
17.50 Х/ф «кип ман»
21.00 Х/ф «быстрее пули»
23.00 Х/ф «робо- коп-2»
01.10 «time vine» ойын-сауық
03.00 tiktok show» ойын-сауық
03.20 05.00 «what's up?» ойын-сауық
04.20 1001 әзіл» ойын-сауық
05.20 «ризамын» ойын-сауық
04.30 телевикторина

7 КАНАЛ

06.02 «Тағдырлас тамырлар»
07.00, 22.00 «үзілген жапырақтар»
09.00 «Үздік өзілдер» Әзіл-сықақ бағдарлама
10.00 М/с «Ну, погоди!»
11.00, 21.00 Сериал «Далекий город»
12.00, 17.00, 01.50 Телесериал
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
13.30 «Әмірші әйел»
14.50 «Зумрад и Киммат» Худ. фильм
18.00 Жаңалықтар
18.30 «Алыс шаһар»
19.30 Новости
20.00 Сериал «Ветреный»
23.40 «Әзілің жарасса»
01.00, 04.20 Жаңалықтар
01.20, 04.40 Новости
04.00 Гүл-гүл шоу
05.05 «Әсекшілер»

Считать недействительным утерянный бланк ИБР Россия № 0294554 выданный ИП «Жибек жолы 070» ИИН 880933301772.

Утерянный ИБР Россия № 296128 выданный ИП «Жансерикова» ИИН 870325400955 считать недействительным.

ХАБАРЛАНДЫРУ

06.05.2026 ж. бастап 5 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында «Жетісу облысы Талдықорған қаласының шығыс өнеркәсіптік аймағында орналасқан «Талдықорған жолдары» фирмасы» ЖШС өндірістік базасына (пайдалану кезеңінде, қолданыстағы объект үшін) «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Талдықорған жолдары» фирмасы» ЖШС, БСН 060140000856, мекенжайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Біржан Сал көшесі, 102А. Тел. 87079110208, office@tk-zholdary.kz.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 87282329867, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

С 06.05.2026г в течении 5 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» для производственной базы ТОО «Фирма «Талдықорған жолдары», расположенного в восточной промышленной зоне г.Талдықорған области Жетісу (в период эксплуатации для существующего объекта).

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Фирма «Талдықорған жолдары», БИН 060140000856 адрес: область Жетісу, город Талдықорған, ул.Биржан Сал, 102А. тел. 87079110208, office@tk-zholdary.kz.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 87282329867, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

ХАБАРЛАНДЫРУ
03.06.2026 ж., сағат 10:00-да, мекенжайы: Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Достық ауылдық округі, Достық ауылы, Абай көшесі, №256, «Бақытты Жол 2021» ЖШС өндірістік базасы Достық станциясы, Алакөл ауданы, Жетісу облысы үшін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Учаскенің және зардап шеккен аймақтың географиялық координаттары: 45°22'6.77" СШ, 82°20'34.38 ВД. Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/82428878896?pwd=KscerwulzST9WVvRkxkDF9N56t96XSJ.1> Конференция идентификаторы: 824 2887 8896 Код доступа: 6ВВуЗР Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Бақытты Жол 2021» ЖШС, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Әйтеке би көшесі, 31-ғимарат, тел.87012775623, e-mail: ivlev.1908@mail.ru.

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел. 8 777 343 34 66. Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Жоба материалдарымен esortportal.kz сайтында танысуға болады. «Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail: 7su_expertiza@mail.ru, Талдықорған қ., көш. Қабанбай батыр, 26.

LEB сайтына <https://ndbecology.gov.kz> және бастамашының <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru> сайтына сілтеме. Ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және электрондық пошта: 7su_expertiza@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

03.06.2026 г., в 10.00 часов, по адресу: область Жетісу, Алакольский район, Достықский сельский округ, п. Достық, ул.Абай, № 256 будут проводиться общественные слушания по Разделу «Охраны окружающей среды» для Производственной базы ТОО «Бақытты Жол 2021» ст. Достық Алакольский район Область Жетісу.

Географические координаты участка и территории воздвешия: 45°22'6.77" СШ, 82°20'34.38 ВД. Ссылка на онлайн конференцию: <https://us05web.zoom.us/j/82428878896?pwd=KscerwulzST9WVvRkxkDF9N56t96XSJ.1>

Идентификатор конференции: 824 2887 8896 Код доступа: 6ВВуЗР Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Бақытты Жол 2021», Актюбинская область, город Актюбе, район Алматы, улица Айтеке Би, здание 31, тел. тел.87012775623, e-mail: ivlev.1908@mail.ru.

Разработчик: ИП «Экология», тел. 8 777 343 34 66. г. Талдықорған, ул.Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ndbecology.gov.kz. ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail: 7su_expertiza@mail.ru, г.Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 26.

Ссылка на сайт МИО <https://ndbecology.gov.kz> и на сайте инициатора <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru>.

Замечания и предложения принимаются на сайте: ndbecology.gov.kz. в рубрике «Опубликованные слушания» и e-mail: 7su_expertiza@mail.ru

МҰХТАР ШАХАНОВТЫҢ 5 ЕРЛІГІ

19 СӘУІРДЕ ҚАЗАҚТЫҢ ШЫНШЫЛ АҚЫНЫ, ТІЛ ЖАНАШЫРЫ МҰХТАР ШАХАНОВ ҚАЙТЫС БОЛДЫ. VARIBAR.KZ АҚЫННЫҢ ҚАЗАҚ ЕЛІ ҮШІН ЕТКЕН БЕС ЕРЛІГІН БАЯНДАДЫ.

ӘЛЕМ НАЗАРЫН АРАЛ МӘСЕЛЕСІНЕ АУДАРДЫ

Мұхтар Шахановтың бірінші ерлігі – әлем назарын тартылып бара жатқан Арал мәселесіне аударғаны. Ол 1988 жылы АҚШ-тың Атланта қаласында Арал проблемасы туралы айтып берген. Ақын теңіз тартылып кеткенін ғана емес, соның кесірінен ауру болып туып жатқан сәбилерді де айтқан.

НАУРЫЗДЫ ҚАЙТАРУҒА МҰРЫНДЫҚ БОЛДЫ

Екінші ерлігі — «діни мереке» деп, 60 жыл бойы тойланбай келген Наурызды қайтаруға сеп болғаны.

Мұхтар Шаханов сол кездегі Қазақ КСР Коммунистік партиясы Орталық комитетінің басшысы Геннадий Колбинге кіріп, Наурыз мейрамының маңызы мен мәнін түсіндірген. Ол кезде мәдениет министрі Өзбекәлі Жәнібеков еді. Министрдің ұйымдастыруымен 1988 жылы Наурыз қайта тойлана бастады. Әуелі Алматы мен қазіргі Жетісу облыстарында тойланды. Ал тәуелсіздік алған соң 1991 жылдан бастап Наурыз мемлекеттік мейрамға айналды.

ГОРБАЧЕВҚА ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА БАҒА БЕРЕТІН КОМИССИЯ ҚҰРҒЫЗҒАН

Ақынның үшінші ерлігі — 1989 жылы Бүкілодақтық пленумда Аралдың тағдырын айтатын деп мінберге шығып алған соң, Желтоқсан оқиғасын көтергені. Мұхтар Шаханов бейбіт шеруге шыққан қазақ халқына таңылған «ұлтшыл» деген айыпты алып тастауды және Желтоқсан оқиғасын бағалайтын тәуелсіз комиссия құруды талап еткен. Ақын жастарға қарсы сапер күрегі мен темір күрзі қолданылған деп айтқан.

«Бес мың адамды, 10 мың адамды, тіпті 100 мың адамды кінәлауға болады. Алайда бүкіл қазақ халқын ұлтшыл деп кінәлауға болмайды ғой. Қазақ ұлтшылдығы деген сөз — бүкіл қазақ халқына айып тағу. Сондықтан халықтан негізсіз айыпты алып тастап, әділет орнатуды сұраймыз», — деді сол кезде Мұхтар Шаханов.

КСРО билігі құлақ аспаған соң, ақын бұл бастаманы екінші рет те көтеруіне тура келді. Кейін КСРО президенті М.Горбачев Желтоқсан оқиғасын зерттейтін бүкілодақтық комиссия құруға мәжбүр болды. Сөйтіп шеруге шыққан қазақ жастарды кінәлайтын бір жақты баға тоқтады.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ БОЛДЫ

1989 жылы қоғамның «Қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілсін» деген талабы күшейді. Мұхтар Шаханов ол кезде парламент депутаты еді. 1989 жылғы 22 қыркүйекте Қазақ КСР-інің Тіл туралы заңы қаралған кезде қазақ және орыс тілі тең болсын деген ұсыныс айтылды. Тіпті, депутаттардың басым көпшілігі осы ұсынысты қолдап, дауыс берді. Сол сәтте ақын мінберге шығып, қазақ тілі мемлекеттік тіл болуы керек екенін талап етті. Оның бастамасына қайта дауыс беріліп, ақыры мемлекеттік тіл қазақ тілі болып қалды.

«Менің жынды екенімнің арқасында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып қалды», — дейді өзі.

МЕМЛЕКЕТТІК МЕДАЛЬДАРДАН БАС ТАРТТЫ

Мұхтар Шаханов мемлекеттік марапаттардан бірнеше рет бас тартқан. Оның ішінде Халық қаһарманы атағы да бар. Ол «Отан әр адамның үлкен анасы, олай болса, адам өз анасына еткен қызметі үшін марапат күтпеуге тиіс» екенін айтқан. Ақын мемлекет мықты азаматтарды оларға сай әділетті бағалауға тиіс екенін жоққа шығармаған. Тек қоғамда күмәнді жолмен байып, марапат алғандарды сынап отырған.

«Қазір түрмеде шіруге тиіс кез келген ұрының кем дегенде екі ордені, үш медалі бар. Мен ондайлардың қатарынан болғым келмейді», — деген еді Мұхтар Шаханов.

Ақын адам, батыр адам
Халқына жақын адам
Дүркіретіп келіп, кетті
Мынау жалған сахнадан!

КОСМОПОЛИТ ҚАЗАҚТАР

М.Шаханов

Өз зәуатымыздың ішінен,
Сүйеніш тапқан космополиттік ағым мен билік күшінен,
Қазақтығы тек түрінде,
Екі ауыз сөйлем құрай алмайтын ұлтының ұлы тілінде,
Ажырамай бір сәт билікке бастар сатыдан,
Министрдің орнын иеленсе де қазақтың халқы атынан,
Өз ыңғайын күйттеп, пенделігі жеңіп адуын,
Хош көрмейтін өсте мысықтілеулікпен ана тілінің дамуын,
Нарықтан бұрар үлестен жалғыз анасын ғана шегеріп,
Бөлініп шықты, сорымызға қарай «космополит қазақ» деген ұлт.
Биліктің барлық саласын бүгін космополиттер жаулаған
Қазақтың тілі – қажетсіз тіл ме, басынан бағы аунаған?..

О, жасырынғамыз біз,
биліктің айбатынан біз жасырынғамыз,
Жасырын екіжүзділікпен талайдың басын жұлғамыз,
Әлі де жасырынуда қаншама асыл тұлғамыз...
Неліктен Назарбаев ғасырында біз
Тілімізді қорғауда ісіміз бірікпей,
Санамыз сандалып, күшіміз кірікпей,

Тоталитарлық жүйеде жүргендей тосылудамыз?
Жерімізді қорғап жат қолдан,
Тәуелсіздік үшін мерт болған
Бабаларымыздың даңқын, үмітін, сенімін басынудамыз.
Тіл кетсе ұлтымыз жойылатынын білсек те,
Мазмұнымызға нүкте қойылатынын білсек те,
Қамсыздар, қансыздар қатарына қосылудамыз.
Рух мүддесінде тоқырап, тоқтап,
Шыншылды даттап, ұрыны мақтап,
Қарын мүддесі үшін ғана асығудамыз,
Қоғамның науқасын қоғамнан жасырудамыз...
Тамырсыз космо – рухсыз космодәуірден алған тынысын,
Сол топтың сен де қанаттыларының, балақтыларының бірісің.
Украин – Гоголь, мордва – Горький орыс тілінде жазды да,
Сол кезгі орыс көркем ойынан оқ бойы шырқап озды да,
Санаға жаңа мүмкіндік ашып таңданар,
Орыстың ұлы жазушысы боп қалды олар.
Жә, бұған дау бар ма, иығыңа артар жүгің көп,
Қазаққа ұқсар түріңнен басқа түгің жоқ.
Қай тілде қайнап,
Қай тілде ойлап,
Қай тілмен ақса перзенттік түйсік-өрісің,

Сол тілдің гүлі, сол тілдің қайраткерісің.
Бар кезде таным, таныту өрлейді,
Тек баба тіліңді дамыта бермейді
Өзге тілдегі жеңісің...
Жырытылған арың саудаханалар мен ақшаханаларда желбірер.
Жан едің бір кез ойы нанымды,
Қай жолмен, қалай байығанды
Біз айтпасақ та, ел білер.
Байыған сайын шындығың өлуде, тасыма,
Ізіңмен жүргенді дау-дамай қамардай,
Ұлтыңның тілін саудаға салардай
Қандай күн туды басыңа?
Тігуге құлшынып бір шыбық орнына мың шыбық,
Өз ана тілін игеруге ділімен ұмсынып,
Өзгеріс енгізіп рухани тұрқына,
Космополиттер қайта ма өзінің ұлтына?
Қайтуға тиіс. Әйтпесе арзандап парқымыз,
Бөлінген үстіне бөлініп халқымыз,
Қайғымыз қабаттап, сағаттап есе ме?
Ұлтсыздану самалы тұс-тұстан есе ме?
Безбүйрек нарықтың бәсейітін даңғырын,
Зарланған, қорланған туған тіл тағдырын
Космополит басшылар шешпей ме, шеше ме?
Тіліміз қала бере ме панасыз адамдай көшеде?..
Ұлт үшін қазір бұл
Немірі бірінші мәселе!

МҰХТАР ШАХАНОВ 60-ТАН АСА ЕЛДЕН 120-ҒА ТАРТА СЫЙЛЫҚ АЛҒАН

2002 жылы «Жазагер жады космоформуласы» шығармасы үшін Эйнштейн атындағы алтын медаль берілді. Ақынның есімі БҰҰ алтын кітабына жазылған.

АҚШ, Англия, Франция, Германия, Жапония секілді жиырмаға тарта елдің құрметті азаматы атанған. Кезінде «Халық қаһарманы» атағынан ақын өз еркімен бас тартқан. «Атақ пен даңққа қызыққан адам емеспін» дейді Шаханов.

1994 жылы Қырғыз Республикасының халық ақыны атағы берілді. 1996 жылы Қазақстан Республикасының халық жазушысы атанды.

Одан бөлек БҰҰ қоршаған орта бағдарламасы сыйлығының лауреаты, Түркияның «Түрік дүниесіне қызметі үшін» халықаралық сыйлығының лауреаты, Қырғыз Республикасының халықаралық «Руханият» сыйлығының лауреаты атанды.

Ал 2006 жылы Түркия, Әзербайжан, Солтүстік Кипр мемлекеттері тағайындаған «Түркі әлеміне ерен еңбегі үшін» атағы берілді. Сондай-ақ, «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» атағы берілді.

/Дереккөз: Informburo.kz сайты/

Редакциядан: Ақынның асыл бейнесі қалың қазақ елінің есінде мәңгі сақталатын бейне! Рухы шат болып, жаны пейіштің төрінен жай тапсын!



ОТЫРАРДА МҰХТАР ШАХАНОВТЫҢ ЖАНАЗАСЫ ШЫҒАРЫЛДЫ

Қазақтың біртуар ақыны, қоғам қайраткері, «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» сыйлығының иегері Мұхтар Шахановтың жаназасы Түркістан облысында өтті. Ақынның сүйегі өзінің туған жері – Отырар ауданындағы қара шаңырағынан шығарылды.

Ақынды соңғы сапарға шығарып салу рәсіміне Оңтүстік өңірінің тұрғындары ғана емес, еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған зиялы қауым өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ қалың бұқара қатысты.

Қоштасу рәсімінде сөз алған Мәжіліс де-

путаты Қазыбек Иса ақынның қазақ әдебиеті мен ұлттық рухты көтерудегі ерен еңбегін атап өтті:

«Ұлы ақын ұлы даласына қайта оралды. Еліне мәңгілікке келді. Оның жаны мен рухы осы қасиетті топырақта мәңгілік жай таппақ», — деді депутат.

Мұхтар Шаханов Түркістандағы Арыстан баб кесенесінің маңайындағы «Қоғам» ауылдық зиратында жерленді.

Арыстан баб кесенесінің маңында академик Өмірзақ Айтбаев, Көпен Өмірбек жерленген зиратта енді қоғам қайраткері, халық ақыны Мұхтар Шахановтың да денесі жер қойнына тапсырылды.



ТЫЛДАҒЫ ЕҢБЕК

жалғасы, басы өткен сандарда

Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ
тарихшы-өлкетанушы

КИРОВ АУДАНЫ

Киров ауданы 1944 жылы 8 мамырда құрылған. Киров қазіргі Көксу ауданының тыл ардагерлерінің Ұлы Отан соғысына қосқан үлесі зор. 1943 жылы 21 қаңтарында «Сталин» газетінде осы ауданның «Октябрь» колхозы колхозшыларының жалпы жиналысында қабылданған Қаулыда:

«Біз отанымыздың ержүрек ұлдарын мадақтай отырып, Украина елінің жалынды патриоттарын Қызыл әскерге жасап жатқан көмектерін үшін шын жүректен қабыл ала отырып, біз де фашистік қарақшыларға қарсы күш-қайратымыз таусылғанша, Жеңіске жеткенше күресеміз.

Отан қамбасына астық тапсыруды мерзімінен бұрын 107 пайыз орындап, қосымша тағы да 1500 пұт астық тапсырып, оны дайындау орындарына 3 тәулік мерзімде жеткізуді міндетімізге аламыз», - деп көрсетіп, абыройлы міндеттемені өз мойындарына алды.

1941 жылы 10 қарашада Айнабұлақ селосының депутаттар атқару комитеті Көксуда орналасқан бекет ұжымы Қызыл Армияға 300 пар носки, қолғап, 36 жылы киім, 48 қой терісінен жасалған тон, 2 мың теңге ақшаға тағы басқа да киімдер салып жіберген. («Заря коммунизма» 09.05.1985 ж)

Менің туып-өскен ауылым «Қаражырық» (соғыстан кейін Жеңіс, 1998 жылдан бері Мәулімбай ауылы деп аталады), соғысып жатқан ауылдастарымыздың отбасына көмек ретінде 20 бас сиыр үлестіріп берген екен. («Заря коммунизма», 15 мамыр 1985 жыл)

Қаражырық колхозы қой фермасының меңгерушісі, колхоз төрағасы Керімбала Сатқымбаева (1901-1982 жж) өзінің қажырлы еңбегімен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Ленин орденімен марапатталған. Ол облыстық, халық депутаты болып сайланған.

Сондай-ақ ауданның тыл ардагері А.Күрішбаева басқарған комсомол жастар звеносы «Еңбекші қазақ» колхозының қызылшашылары әрбір гектарынан 450 центнерден өнім алған, бұл сол уақыттағы үлкен жетістік еді.

«Октябрь» колхозының колхозшысы Айшабаева бидай өнімін нормадан екі есе артық орындаған.

Қазіргі Көксу ауданындағы С.М.Киров атындағы қант заводы ең жоғарғы сапалы қант шығара бастады.

Колхоз төрағасы Асылсейіт Кешуов 1908 жылы Қапал уезі, Таужалайыр болысында дүниеге келген. Соғыс уақытында ол басқарып отырған колхоздың еңбеккерлері,



Асылсейіт Кешуов

Отан үшін, Жеңіс үшін жұмыла еңбек еткен. Тұқым сеуіп, өнім алу жұмыстарының бәрін тыл ардагерлері қолмен атқарған.



Керімбала Сатқымбаева

Соғыстың ортасында колхоз төрағасын соғысқа алып кетті, 1948 жылы ол еліне аман-есен оралып, Ленин колхозына қайтадан төраға, одан кейін Еңбекшіқазақ, Амангелді, сондай-ақ өңірдегі басқа да шаруашылықты басқарып, кейін «Путь Ильича» ауылдық кеңесінің төрағасы болып зейнеткерлікке шыққан.



Надежда Соколова

Балпық кентінің тұрғыны Рысжамал Қалданбаева 1985 жылы Қоғалы ауданы Алтын-Емел совхозында дүниеге келген. Балалық шағы соғыс уақытында, үлкендермен бірге егіс даласында жұмыс жасады. Шамасы келгенше.

«Ең қиыны шөп шабу еді, шөп өте ауыр болатын, тырмалап жинап, кептірген соң шөмеlege салатынбыз. Картошканы ересек әйелдер қолмен қазып, отырғызатын. Өнім піскен кезде жинайтынбыз, мөшекке қаптайтынбыз. Жеңіс күнін қарсы алғанымыз әлі есімнен кетпейді. Қуандық, жыладық, ән салып, би биледік. Бейбітшілік пен берекелікті тілеймін», - дейді ардагер ана.

Осы Балпық кентінің тұрғыны Ұлбике Қонарбаева (1935 жылы туған) - «Соғыс уақытындағы өмірім Зайсан ауданы Шығыс Қазақстан облысында өтті. Ауылымыз Қытаймен шекаралас жерде орналасқан. Жас бала болсақ та, үлкендермен бірге қара жұмыс жасап күн көрдік», - дейді. («Вестник Жетісу», 17 сәуір 2025 жыл)

Соғыс жылдары «Қызыл бұлақ» ұжымшарын басқарған Оразбай Есенбаев (1903 жылы туған) өз табысынан жинаған қаражатынан 37 мың рубльді танк колоннасының жабдықталуына аударған.

1943 жылы «Известия» газеті бұл туралы мақала жариялаған. Немересі зейнеткер ұстаз Күланда Бөкенбаева облыстық «Жетісу» газетіне жазған (08.05.2025 ж №49-50), атасы Оразбай тыл ардагері туралы екі шумақ өлең арнаған:

Атам менің – себепшісі ерліктің,
Атам менің – ақ нұсқасы кеңдіктің.
Мақтан тұтам оның рухын, ерлігін,
Атам менің – қаймықпаған ең мықтым.
Еске аламын тарихты, бабамды
Соғысты ойлап сілкінтемін санамды.
Қан кешкен сарбаздардың жолында,
Барын берген мақтан етем атамды.

Ұлы Отан соғысы кезінде тылда еңбек еткен осы жауынгерлеріміз көптеген қиындықтарды бастан кешкен. Соғыстан кейінгі жылдарындағы жұмыстары да оңай болған жоқ, бірақ ешқашан мойымай, әрқашан еңбек еткендері кейінгі ұрпаққа үлгі болып қала бермек.

ҚАПАЛ АУДАНЫ

Қапал ауданы - бұл Жетісудың ерекше ауданы. Тарихы мол, талай тарихи тұлғалар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар шыққан киелі жер.

Уездің орталығы - шипалы қасиетті орасан құдіретті болған.

Аудан 1997 жылы жабылған соң басшысы ақпарат құралдарының беттерінде көп жоғалған.

Марат Алыбаев деген керемет білімді, білікті Қапал өңірінің тарихын, шежіресін жақсы білетін, бірнеше зерттеу мақалалар жазған азаматтарды, қапалдықтар ұмытқан сияқты.

Өткен ғасырдың 70-жылдары екеуміз әріптес, дос болып едік, екі ауданның мәдениет саласында жұмыс жасаған...

Менің 1975 жылдан Талдықорған

кейін, күндіз сабақ оқимыз, кешке бидайды саралаймыз деп еске алады.

Тынымсыз еңбек еткені белгілі. Үстіміздегі киім де жұпыны болды, екінші классқа баруға қабілетім болмады.

Совхозға тыл ардагерлері көп үлес қосқан бір-бірлеріне көмек беріп, барын бөлісетін.

Жеңіс күні барлығымыз радиодан Левитанның сөзін естіп, бір-бірімізді құшақтап, жылап қуанғандарын жылы еске алады. («Казахстанская правда» 3 шілде 2015 жыл)

ҚАРАТАЛ АУДАНЫ

Соғысқа еңбекпен, қажырлылықпен үлес қосқан аудан еңбекшілері осы ауданның атынан 1941 жылы 20 тамызда отан қорғау қорына: 200 кг.май, 5 - бұқа, 50 - қой, 2000 сом ақша, 5800 облигация жинап берген.

28 қазанда аудан тұрғындары Отан қорғау қорына 208,5 мың қолма-қол сом, 508,6 мың сом облигация, 326,5 центнер бидай, 138 центнер ет, 42,5 центнер сүт жіберген.

Аудан бойынша, әскерлерге 1180 пар пима, 638 мақталы куртка, шалбар, 1320 шұлық, қолғап, 116 дана қой терісін дайындап жіберген. («Заря коммунизма», 6 мамыр 1995 жыл)

«Қызыл Бұлақ» колхозының төрағасы Оразай Букенбаев танк жасау үшін ақша аударып Сталинге хабарлама жіберген екен:

«Кремль. Тов. Сталин. Следуй примеру лучших патриотов нашей страны и стремись помочь нашей славной Красной Армии всем, чем можешь, я от всего сердца вношу предложение – 300 тысяч рублей – в фонд постройки танковой колонны. Пусть фашистские гады почувствуют на своей шкуре могучую ярость советского народа против фашистских варваров. Оразай Букенбаев председатель колхоза «Кызыл Булак» Каратальского района 1942 год.»

Осы ауданның «Дальний Восток» колхозының төрағасы Шин Хен Мун да танк легін жасау үшін 100 мың сом аударған. («Заря коммунизма», 09.05.1985 жыл)

Шин Хен Мун 1948 жылы 28 март КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағын алған. («Герой Социалистического Труда», 1970 год)

1942 жылы 13 қаңтарда «Новый путь» және «Новая жизнь» колхозында эвакуациямен келген адамдарды жұмысқа орналастырып бастады.

1942 жылы «20 лет Октября» жиналыста



қорғаныс қорына айлық кіріс – 32 мың сомды аударуды шешті. («Заря коммунизма», 06.05.1985 год)

«Бес ағаш» колхозының колхозшылары соғысып жатқан отандастарымыздың отбасына өз жеке қорларынан 38 пұт бидай, ал комсомол мүшесі С.Ли мен А.Егоров өз еңбегінен 37-60 пұт бидай сילהан екен. («Заря коммунизма» 15 мамыр 1985 жыл)

Осы ауданның тыл еңбеккерлері 1944 жылы 150 мың сом, ал соғысқа ерлік жасап жүрген отбасының балаларына 500 мың сом қорларына аударған.

Соғыс жылдары комсомол звеносының

МАЙДАНЫ

жетекші Анастасия Ким 34 центнердың орнына 83 центнер күріш жинап мемлекетке өткізген.

Егін жинау кезеңінде Елтай колхозшыларының бұрынғы жетекші Ниязова бидайды ысырапсыз жинау тәсіліне көшкендігі, екі-үш норма орындағанынан хабардар қылды. **«Заря коммунизма 15 мамыр 1985 жыл»**

«Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен соғыс кезінде бұғанасы қатпаған 11-13 жасар балалар да ересектермен қатар басқа түскен ауыртпашылықты көтере отырып тылда еңбек етті.

Ол кезең соғыс майданына ғана емес тыл еңбеккерлеріне де қатаң тәртіп орнатқан кезең болды, бұл күндері сол кезеңдегі тылда еңбек еткендердің сексеннің соңынан асып, тоқсанға аяқ басуда еді, оның өзі саусақпен санарлық. Қазіргі таңда Қарақұм ауылында бірде-бір соғыс ардагерлері қалмады, есесіне тылда еңбек еткен санаулы ардагерлеріміз ортамызда жүр.

Олар Жұмабай Мәдібеков, Досай Айтқұлов, Ашықбала Елімжанова. Бұл кісілер соғыс басталғанда 12-13 жастағы ойын балалары еді. Алайда, өздерінің қызықты балалық шағын соғыс деген алапатың кесірінен қажылы еңбекке айырбастады.

Жұмабай Мәдібеков 1928 жылы туған. Соғыс басталғанда Балқаш көлі аумағында «Қарабес» елді-мекенінде 13 жасынан еңбек еткен.

Ашықбала Елімжанова 1928 жылы туған. Жастайынан тылда жұмыс жасауға мәжбүр болып, балық шаруашылығында жұмыс жасаған. Жұмыс өте қиын болды. Қазіргі таңда әпкеміз он баланы дүниеге екелип, тәрбиелеп отырған ана. Көптеген жылдар бойы почта саласында еңбек етті. Бүгінде еңбегінің зейнетін көріп отырған балалардың анасы, немерелерінің әжесі. («Ардагер газеті», 23 мамыр 2013 жыл)

Досан Айтқұлов ол да 1928 жылы дүниеге келген жас кезінен ауыртпашылыққа бой бермей, Жеңіс үшін, Отан үшін өздерінің зор үлестерін қосты. «Қызыл Октябрь» колхозында еңбек еткен. Жұмыс түрі көп болды, барлығын қолмен істеген. Соғыстан кейін кіші кемелерде капитан даярлайтын курсты аяқтап, кеме капитан көмекшісі болып, кейін капитан болып зейнетке шыққан.

Қожбан ауылының тұрғыны Мәкен Серғазықызы 1935 жылы туылған. Сұрапыл соғыс басталғанда әкесі Отан қорғау үшін соғысқа аттанған, бірнеше ай өтпей әкесі ерлікпен қайтыс болғандығы туралы қайғылы хабар келеді. Ауылда тек кәрі шал мен кемпірлер, қыз-келіншектер, балалар ғана қалды.

Колоздың жұмысын қолға күрек алып» түпкілеп норманы орындау керек болды.

Мәкен апа ел аман, жұрт тыныш болса екен деп құдайдан тілейді... **«Огни АЛАТАУ 8 мамыр 2015 жыл»**

САРҚАН АУДАНЫ

Ауданның тыл ардагерлері де жетісулықтар сияқты Ұлы Жеңіске өз үлестерін қосқан аудан. Тек 1944 жылы аудан еңбеккерлері төрт айлық өткізіп, әскер семьяларына 81986 сомның көмегі көрсетіліп, 1725 метр мата, 213 жылы аяқ киім, 66 балалар киімі, 124 жылы аяқ киім бөлінді.

«Тамбовщина» колхозшыларының патриоттық үлгісі бойынша аудан еңбеккерлері танк колоннасына жаңа танктер шығару үшін 1 млн. сомнан астам қаржы қосты.

Энергия ауылшаруашылық артелінің алдыңғы қатарлы колхозшысы Саржанов Әбдібек жекеменшік қорынан 100 мың сом қаржы аударды. Оның патриоттық бастамасын әрқайсысы 100-300 пұт астық өткізген малшы Русов пен комсомол ұйымының секретары Овчаренко іскерлікпен жалғастырды. **«Октябрь туы», 10 мамыр 1985 жыл № 90»**

Сарқан ауылының комсомолдары Қызыл әскерге жаңа танктер жасауға соғыс уақытында 1,5 млн. сом аударыпты. Сүнгүір қайық жасауға 10 мыңнан аса сом, немістерден босаған аудандарға көмек жасау үшін 88,9 мың сом ақша аударған. **«Заря коммунизма» 09.05.1985 жыл»**

16 партсъезд атындағы колхоз еңбеккерлері 1943 жылы өз табыстарынан Отан қорғау қорына 4500 пұт бидай, 30 пұт бал, 5 мың сом ақша аударған. **«Заря коммунизма» 18.12.1982 жыл»**

Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін аудан еңбекшілері желтоқсан айында 123 мың сом жинап, 554 мың сомға облигация сатып алып, Отан қорына аударған.

Аудан халқы 1943 жылы Орлов облысына 1402 ірі қара мал, 9 мың қой-ешкі, 217 жылқы және 14 мың сом ақша өз қаражаттарынан жіберген. **«Заря коммунизма» 22 наурыз 1985 жыл»**

Соғыс жылдары аудандағы алдыңғы қатарлы комсомол жастар бригадасының басшысы, тракторшы Багрянцев жылына 2065 гектар жер аударып, 3190 килограмм жанармай үнемдеген. **«Заря коммунизма» 1985 жыл»**



Валентина Ивановна с сестрой Ниной

Тыл ардагерлері соғыс басталғалы 3 жыл ішінде мал шаруашылығында мал басын 30 мыңға өсіріп, 1944 жылы аудан еңбекшілері 1941 жылға қарағанда Отан қорына 84666 центнер бидай артық өткізген. **«Заря коммунизма» 28 наурыз 1995 жыл»**

Көктерек ауылының соғыс кезіндегі тұрғындары «Бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен өмір сүріп, тынымсыз еңбек етті. Солардың қатарында Райхан Ошақбаева, Ақжамал, Нұржамал, Әсия Әлдекенова, Мәлике сынды жас келіншектер де егін жинау, шөп шабу, тоған қазу, малшыларға көмекші тәрізді қиын жұмыстар жасап, ауыр күндерді бастарынан өткізді. 1945 жылы Жеңіс күні жеткенде майданнан балалардың көп күттірген әкесі, аналардың жауынгер баласы, келіншектердің асыл жарлары келді. Кейбіреулер оралмады...

Бейбіт күннің таңы атып, тыныш еңбек күндері басталды. Шаңырақтарда іңгәлаған сәбилер үні пайда болды... Бүгінде сол ауыр күндерде далада ауыр жұмыс атқарған ұл-қыздар оқып, білім алды. Көпшілік жастар ауылда қалып, білім қуғандары білім алып, ауылға оралып, ауылды өркендетті.

Осы орайда, Ұлы Отан соғысы кезіндегі тыл ардагерлері ұлықтала ма, олардың ерен еңбектері ескеріле ме? деген сұрақ туындайды. **«Ардагер», 20 қаңтар 2015 жыл»**

Веселое селосының 1926 жылғы тумасы **Анна Матвеевна**: «соғыс кезінде балалық шақты көрмеген ұрпақтың бірімің. Отан үшін, Жеңіс үшін үлкендердің жанында күні-түні демей жұмыс жасадық»,- дейді. Қыста Қызыл әскерге анасы екеуі қосылып қолғап, жүн нәски тоқып, майданға жіберіп отырған. Жауынгерлерден бізге ризалық білдірген хат та келген. Соғыс біткен соң Анна Матвеевна Талдықорған медициналық училищесін бітірді. Талдықорған қаласынан зейнеткерлікке шықты. **«Текелі тынысы» газеті, 3 шілде 2015 жыл»**

Черкасское колхозының 1937 жылы туған Валентина Михайловна Зайцева (Бабешко) да соғыс кезінде балалық шақты көрмеген ұрпақтың бірі. Шабылған шөпті жи-



Күйеуі Михаил мен Анна Десятниченко

нау, кептіру, мая етіп үю... тағы да басқа ауыл шаруашылық жұмыстарды жасайтын. «Мал тұратын базды тазалап, тезек жасап, оны кептіріп, дайындайтынбыз. Сондай-ақ, соғысқа өте керек көк сағыз дайындайтынбыз. Одан резинка алынатын. Қанша қиын болса да қолмен сиыр сауатынбыз. Қыста 200 км. қашықта орналасқан қыстаудағы қойшыларға көмекші ретінде отгонға жіберетін, сылақ жұмыстарын жүргізу үшін балшықты қолдан жасайтынбыз. Ол үшін шұңқыр қазып, оған сабан салып, су құйып, топырақ сеуіп, аяқпен таптап шылайтынбыз», – деп, еске алады Валентина Михайловна.

Осы колхоздың тың ардагерлері Шура Кабанова, Анна Ненайденко, Лена Кокубекова, Женя Хидзинская, Настя Дуднакова, Надя Ешимова, Татьяна Тишкина, Лена Коваль, бригадир Надя Чекмарева тағы басқаларының еңбектегі ерлігі жауынгерлер қаһармандығынан ешбір кем емес еді. **«Огни Алатау», 18 шілде 2015 жыл»**



Евдокия Сергеевна Коваленко

«Тополевка» колхозының 1931 жылы туған тумасы Анна Борисовна Десятниченко, құрбысы Евдокия Сергеевна Коваленко (1927 жылы туған) екеуі де жас болса да ер адамша ауыр жұмыс атқарған. Алғыр, өжет, талапшыл екі қыз Жеңіс туын желбіреткен ер азаматтар сияқты Жеңіске өз еңбек үлестерін қосқан жандар. **«Текелі тынысы», 24 шілде 2015 жыл»**

Нәзіктікті ұмытып, қара жұмыс атқарған қыз-келіншектер бір отбасын ғана емес, ауылда ауыр еңбек ете жүріп, жауынгерлерді азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз еткені шындық. Олар қиындыққа қайсарлықпен төтеп бере алды. Сондай ардақты жандардың бірі - көпбалалы отбасында туған **Евдокия Сергеевна Коваленко**.

«Анасы шалғымен шөп шауып жатса, артынан жүріп шөпті жинап үлгеретін. Күндізгі ауыр жұмыстан кейін әжелерінің таудан жинап әкелген алмасын қаз-қатар отырып турап, кептіріп, қысқа азық етіп дайындайтынбыз», - дейді Евдокия Сергеевна Коваленко.

тұратын ағасының жанына қоныс аударды. Тұрмысқа шықты. Текелі қорғасын-мырыш зауытында сынама алушы болып істеді, кейін зейнеткерлікке шықты. Соғыс жылдарының тыл ардагері Евдокия ашық аспанды бұлт торламауын, барлық бала «соғыс» деген сөзді естімей өсуін тілейді. **«Текелі тынысы», 3 мамыр 2024 жыл»**



Масура

«Веселое» - қазіргі Шатырбай ауылының тұрғыны, 1925 жылы дүниеге келген Масура Әділбекқызы Құланова 15 жасынан жер аударып, егін егіп, өнім жинап, шөп шауып-шөмелеп, маялап-ауылдың ауыр тірлігінің бәрін атқарды. Ауылдың ер азаматтары соғысқа аттанғанда ол кезде Максим Горький болып аталатын ауылдағы қыз-келіншектер барлық шаруашылық ауыртпалықты өз мойндарына алып еңбек еткен еді.

Таңның атысынан күн батқанша кім жұмыс нормасын орындаса - 1 кг-нан беретін, асыра орындасаң 1,5 кг-нан аласың. Кешке радионы тыңдап, Қызыл әскердің жетістіктеріне қуанатын. Сол кездегі түнгі тірлік майданға жылы киім-кешек тоқып жіберу болатын. Оны да атқарды. Жеңіске жеткен бейбіт күндер орнаған соң Масура апамыз аспазшы болып 35 жыл жасап, зейнеткерлікке шықты. Балаларының бақытты анасы, немерелері мен шөберелерінің сүйікті әжесіне айналды. **«Огни Алатау», 5 мамыр 2018 жыл»**



Шәкен Жұманова

«Қызыләскер» колхозы - қазіргі Екіаша ауылында 1934 жылы туған Шәкен Жұманова да тұлымшағы желбіреп жүріп соғыс жылдары анасына қолғабыс тигізіп, ауыл еңбегіне ерте араласқан. Шамасы келген ауыр жұмысты атқарған. Есейе келе, жастар арасында өнерлілердің бірі болған. Соғыс кезіндегі ауыртпалықты бастан көшкен өзі ана Шәкен енді ешқашан соғыс өрті болмасын, ұрпағымыз бейбіт заманда өмір сүрсін деген тілеуде. **«Жетісу», 7 мамыр 2024 жыл»**

(жалғасы газеттің келесі санында)

ЕРЛІК МӘНГІ ЖАСАЙДЫ



Батырлық пен қаһармандық салтанатының Ұлы мерекесін тағы тойлап жатырмыз. Кеңес-герман майданында адамзат тарихындағы ең алапат соғыстың 1 418 күн мен түнге созылғаны, герман және оның Европадағы қанқұйлы сыйбайластары әскерлерінің 70%-ы кеңес-герман майданында болды. Кеңестер Одағында соғыс зардабын тартпаған бірде-бір жанұя жоқ. Демек, бүкіл прогресшіл адамзат баласын фашизм құрсауынан негізгі азат етуші бұрынғы Одағымыздың жауынгерлері болды деп есептеуге толық заңды құқығымыз бар. АҚШ армиясы бас штабының бастығы, генерал Маршалл соғыс министріне: «Қызыл Армия осыншама табысты қимылдамағанда, американдық әскерлері агрессорға төтеп бере алмай, соғыс америка құрылығына ауысатын еді», - деп хат жазуының өзі біздің қаһарман аға ұрпақтың ерен ерлігін өлемдік деңгейдегі шынайы нәм әділ мойындау болды десек қателеспейміз.

Халқымыздың қаһарман ұлы, Кеңес Одағының батыры, дивизия командирі, полковник нәм қазақтың соғыс тақырыбына алғаш қалам тартқан классик жазушысы Бауыржан Момышұлы өзінің «Қазақ әдебиеті» газетінің 1965 жылғы 9 сәуірдегі № 15 нөмірінде: «Біздің совет адамдары майданда қаһарманша соғысты, тылда жанқиярлықпен еңбек етті, моральды рухының ғажап жоғарылығын, тамаша табандылығы мен өз Отанына шын берілгендігін көрсетті», - деп атап көрсеткеніндей, ортақ Отан ымыздың Қарулы Күштері мен тылдағы бейбіт еңбек адамдарының ұштасқан ерен ерлігі мен жоғары патриоттық сезімінің жоғарылығының нәтижесінде қанқұйлы фашизм талқандалды. Қираған мыңдаған елді-мекендер мен жүздеген зауыттар соғыстан кейінгі алғашқы бесжылдықта-ақ қалпына келтірілді.

Ерлікке толы әскери жорықта ерліктің ерекше үлгісін көрсеткен жандардың бірі өзіміздің Жаркент аймағына танымал болған Жақып Дадайұлы Заманбеков атамыз еді. Ол кісі 1922 жылы (төлқұжаты бойынша 1921 жылы) Жетісу губерниясының Жаркент уезіндегі, Кермеағаш қыстауында орта шаруаның отбасында дүниеге келген болатын. Әкесі 4 жасында өмірден озған соң, анасы Рәсқұл Ешбайқызының тәрбиесінде өсті. Аяулы әкесінен ерте айырылып, ерте есейген Жақып Дадайұлы 1941 жылы Панфилов ауданының Көктал кентіндегі орта мектептің 9-сыныбын тәмамдай сала өз еркімен суранып майданға аттанады. Оңтүстік-Батыс майданындағы (1943 жылдан - 3 Украина майданы) алтыншы атқыштар армиясының жеке қорғау (заградительный) батальонында және 715-ші атқыштар полкінде сержант әскери шенінде станокты пулемет рәсметінің қаһарман командирі болып, Харьков түбіндегі, Орел-Курск бағытындағы қанды шайқастарға, Румынияны, Венгрияны, Чехословакияны, Австрияны азат ету ұрыстарына қатысады. Дәрежесі орденмен тең «Ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» жауынгерлік медальдарымен марапатталады.

Соғыстан кейін Ұлы Отан соғысының II-ші дәрежелі орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» және Ұлы Отан соғысы жеңістерінің ондаған мерекелік медальдарымен марапатталады. Майдан жорығын ерлікпен аяқтаған майдангер Жақып Заманбеков 1946 жылы елге оралып, соғыс салдарынан аяқтай алмай қалған мектептегі оқуын жалғастыра жүріп мектепте кітапханашы болып еңбек жолын оқумен ұштастырып, жауынгерлік жолын бейбіт өмірге еңбекпен жалғастырды. Одан кейінгі жылдары Көктал шаруашылығында жоспарлаушы-экономист, салық агенті және басқа да қызметтерді абыроймен атқарып еңбек

майданында шыңдалып, мол тәжірибе жинақтау мектебінен өтті.

1959 жылы Панфилов аудандық «Жаңалық жаршысы» газетіне қызметке шақырылды. Газет редакциясында бір жыл әдеби қызметкер, екі жыл бөлім меңгерушісі міндеттерін атқарып, 1962 жылы газеттің жауапты хатшылығы лауазымына тағайындалады. Өндірістен қол үзбей Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітіріп, оқымысты-зоотехник мамандығын алады. Жауға жай отындай тиген, еңбек десе қайраты мен жігері тасыған қаруын қаламға айырбастаған Жақып Дадайұлы әдебиет майданында да ерен еңбектің айрықша үлгісін көрсетті. Ол қарапайым еңбек адамдарының еңбектегі жетістіктерін өрнекті оймен шебер көркемдей білген қарымды қаламгерлігімен аудан жұртшылығына кеңінен танылады. Бұқаралық ақпарат құралында ұзақ жылдар жемісті еңбек етіп, қаламы қарымды нәм дарынды журналистерді тәрбиеледі.

1981 жылы құрметті еңбек демалысына шығады. Бейбіт күндегі ұзақ жылғы еңбегі еленіп, «Еңбек ардагері» медалін жарқыратып кеудесіне тақты. Зейнеткерлікке шықса да, қоғамдық жұмыстан қол үзбей 1994 жылы Жаркент қалалық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағалығына бірауыздан сайланды. Аудан басшылығы мен ардагерлердің сенімін ақтай білген қазыналы қарияны қоғамдық ұйым мүшелері үш мәрте өз басшылықтарына сайлады, тек денсаулық жағдайына байланысты 2000 жылы ғана қоғамдық жұмыстан қол үзуге мәжбүр болды.

Бейбіт замандағы қызметтермен, жас ұрпаққа ұлттық рухта жоғары патриоттық тәрбие берудегі сіңірген еңбектері ескеріліп, Кеңес Одағының және Қазақстан Республикасының Журналистер Одақтарының мүшесі болды. Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының сыйлығының иегері және «Панфилов ауданының құрметті азаматы» атанды. Тәуелсіз Қазақстанның «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медальдерімен, жоғары тұрған мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың жиырмаға жуық мақтау грамота, дипломымен марапатталады. Сондай-ақ, дала академиктері Н. Сауранбаевтың «Жылдар жемістері» (1981 жыл), И. Белаловтың «Неисскаемый родник» кітаптарына әдеби өңдеу жасап, олардың жарыққа шығуына жол ашты. Ол кітаптар қарапайым еңбек адамдарымыздың, ерен еңбегін көпшілікке танытумен бірге, еліміздің ауылшаруашылығы саласында жарық көрген санаулы кітаптың «Алтын қорына» енген шығарма болды.

Соғыс пен еңбек майданында ерекше жетістігімен көзге түскен Жақып Дадайұлы сүйікті өмірлік жары Нүрсәлиман Қалиева екеуі жеті бала тәрбиелеп, оқытып, ұлын - ұяға, қызын-қияға қондырып, олардан ондаған немере сүйді. Бүгінгі күні олардан тараған ұрпақ тәуелсіз Отанымыздың өркендеп, дамуына өз үлестерін қосып, халық шаруашылығының әр саласында жемісті еңбек етіп, ата-бабаларының даңқты жолын бейбіт өмірде лайықты түрде жалғастырады. Өмірі мен еңбек жолы үлгі-өнегеге толы соғыс және еңбек ардагері, зиялы қауымның өкілі Жақып Дадайұлы Заманбеков 2006 жылдың 30 қаңтар күні дүниеден озды.

2023 жылы соғыс және еңбек ардагері Жақып Заманбековтің атына Жаркент қаласынан көше беріліп, бәріміз ұзақ жыл күткен әділеттілік орнағанда аяулы ағамыздың ұрпақтары мен көпшіліктің ерекше қуанғанының күәсі болдық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал адам - Адал еңбек-Адал табыс» атты Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Сұрапыл соғыс кезіндегі аға буынның өшпес ерлігі мен ерен еңбегін ұрпақ жадында жаңғырту өте маңызды. Мемлекет бұл бағыттағы жұмысты жалғастыра береді» деп атап көрсеткеніндей елі үшін басын өлімге тігіп, кейінгі ұрпаққа бейбіт заман сыйлаған Жақып Дадайұлындай қаһарман ерлеріміз өмірден озғанымен олардың Отан қорғаудағы ерен ерлігі мен бейбіт күндегі жасампаз, өнегелі еңбек және өмір жолы бәріміздің жадымызда мәңгі жаңғырып тұрады. Демек ерлік мәңгі жасайды!

Бәрімізге бейбіт өмір сыйлаған Ұлы ерлікке тағзым ету, барлық есіл ерлерімізді еске алу шараларын өткізу азаматтық әрі перзенттік міндет, парызымыз екенін әрдайым ұмытпайық, ағайын!

Бекмұхамет СЕРІКБАЕВ,
заңгер-журналист «Қазақстанның
Заңгерлер және Журналистер
одақтарының мүшесі»,
Жаркент қаласы

БАЙҚАУҒА

МЕНИҢ ӘКЕМ ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН МАЙДАНГЕР!

Ұлы Отан соғысы – өткен XX ғасырдағы ғана емес, бүкіл адамзат тарихындағы алапат соғыс. Ал, Ұлы Жеңіс – ұлы мереке! Міне, биыл Ұлы Жеңіске 81 жыл толады. Қаһарлы, қатал қаншама айлар бойы қаһармандықпен соғысқан миллиондаған адамдардың қатарында қазақ жерінің ұрпақтары да ерлікпен шайқасты. Біле білсек, бүгінгі бақытты өмірге жеткеніміздің өзі – сол аға ұрпақтың, ардагерлеріміздің арқасы.

Ардагерлерді құрметтеу – баршамыздың парасаты парызымыз.

Ұлы Жеңістің 81 жылдығы қарсаңында өзіміздің әкем, Сыдықжанов Кажыкен, Ұлы Отан соғысының ардагері туралы біраз сыр шертсем деймін...

Сыдықжанов Кажыкен әкеміз 1922 жылы дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері, 2-топтағы мүгедек. Гвардия аға сержанты, рота командирі болды.

Менің әкем 1941 жылы Андреевка комиссариатының бұйрығымен армия қатарына шақырылып, соғыс басталған жылы қаншама қаһарлы қатал айлар бойы соғысықан миллиондаған адамдардың қатарында 277 атқыштар полкінде, 91 гвардия атқыштар дивизиясында, 2-атқыш батальонының гвардия аға сержанты болып шайқасты. 1943 жылдың 17 қыркүйегінде Дудовщина аймағында қарсыластардың пулеметпен тоқтамай оқ жаудырғанына қарамастан, атыс нүктесіне дейін барып, оны түбімен жойды. Осы ерлігі үшін кеудесіне «Ерлігі үшін» медалін тақты. Ұлы Отан соғысына қатысып, бірнеше медаль, ордендермен марапатталған олар: «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін», 2 дәрежелі «Отан соғысы» ордендері.

1945 жылы ауылға аман-есен оралып, көп жылдар Основова, Екпінді, Комсомол орта мектептерінде ұстаздық етіп. Оқушыларға сапалы білім беріп, 1985 жылға дейін еңбек етті. Кейін зейнеткерлікке шығып, ауыл шаруашылығымен айналысып, мал өсіріп, ауылдың беделді де құрметті азаматы болды.

Анамыз Қалиқызы Зейіпхан екеуі бес ұл, үш қыз, бірнеше немере және шөберелер тәрбиеледі.

Әкеміз бейбіт күндері Жеңіс медальдарымен 1945-1975, 1945-1985, 1945-1995, 1945-2005 жылда-



ры марапатталды. Жеңістің 60 жылдығына арналған медаль анамызға берілді. Әкемізді үнемі мақтан тұтамыз! Ерлігіне, ерен еңбегіне басымызды иеміз!

Биыл Ұлы Жеңіске 81 жыл! Соншама жыл өтсе де ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды! Өйткені сұрапыл соғыста жауынгерлер Жеңіс сағатын минуттап күтті. Сол сұрапыл соғыста қаншама боздақтар қыршынынан қиылды, қаншама отбасы ойран болды. Бүгінгі мерекенің құндылығы мен қымбаттығы осында. Демек, боздақтардың бақытты өмір үшін төккен терлері, аққан қандары бекер кетпеді. Сенімдері мен үміттері ақталды! Әділетті соғыстағы Жеңіс туы биікке көтеріліп, күні бүгінге дейін мәңгілік алау шейіт болған жауынгерлердің рухының өлмес белгісіндей маздап тұр! Мың тағзым Сіздерге, Ұлы Отан соғысының ардагерлері!

Ерболат СЫДЫҚЖАНОВ,
Балпық би ауылының тұрғыны, зейнеткер

ӘЛЕМ КЕРЕМЕТІНЕН

ДЕРБЕНТ ҚАМАЛЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ

КАВКАЗ БЕН КАСПИЙ ТЕҢІЗИНІҢ ТҮЙІСКЕН ТҰСЫНДА ОРНАЛАСҚАН ДЕРБЕНТ ҚАМАЛЫ – АДАМЗАТ ТАРИХЫНЫҢ ЕҢ КӨНЕ ҚОРҒАНЫС НЫСАНДАРЫНЫҢ БІРІ. МЫҢЖЫЛДЫҚТАР БОЙЫ ТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ КҮӘСІ БОЛҒАН БҰЛ БЕКИНС БҮГІНГІ КҮНІ ДЕ ӨЗ ҚҰПИЯСЫН САҚТАП, ТУРИСТЕРДІ ТАҢАЛЫДЫРУЫН ТОҚТАТПАҒАН.



болған. Әр дәуірде парсылар, арабтар, түркілер мен моңғолдар бұл жерді өз бақылауына алуға тырысқан. Себебі Дербентті иелену – тұтас аймаққа бақылау орнатумен тең еді.

Қамалдың архитектурасы да таңғаларлық. Оның негізгі бөлігі – Нарын-Қала цитаделі биік төбеде орналасқан. Осы жерден төмен қарай екі алып қорғаныс қабырғасы созылып, біреуі тауға, екіншісі теңізге дейін жетеді. Ерекше құрылыс жаудың кез келген бағыттан өтуіне мүмкіндік бермейтін күрделі қорғаныс жүйесін қамқиптастырған. Қабырғалардың биіктігі ондаған метрге жетіп, ірі тас блоктардан қаланған. Уақыт сынына төтеп берген қамал бүгінге дейін жақсы сақталған.

Цитадель аумағында ежелгі сарайлардың қалдықтары, монша, су қоймалары мен зындандар орналасқан. Бұл нысандар Дербентті тек әскери бекініс емес, бір кездері гүлденген қала болғанын көрсетеді. Тар көше мен көне ғимараттар сол заманның тынысын сезінуге мүмкіндік береді.

Бүгінде Дербент қамалы – туристер үшін ерекше тартымды орын. Мұнда жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен мыңдаған саяхатшы келеді. Қонақтар көне қабырғалар бойымен серуендеп, Каспий теңізіне ашылатын көріністерді тамашалайды. Әсіресе күн батар уақытта қамал көрінісі туристер үшін ұмытылмас әсер қалдырады. 2003 жылы бұл тарихи кешен ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген. Бұл, оның адамзат үшін маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдейді.

Дербент қамалы – тасқа қашалған тарих. Ол өткен мен бүгінді жалғап тұрған ерекше көпір іспетті. Осындай орындар адамзат өркениетінің қаншалықты бай әрі күрделі екенін ұғындырып, тарихқа деген қызығушылықты арттыра түседі.

Алиса ЕСЕНБЕКОВА

Бейсенбі - Четверг, 30 сәуір

ХАБАР

05.00, 01.00 «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 «Пеосеть»
09.30 Мировые новости
09.45 Әлем жаңалықтары
10.00, 23.00 «Эшрефтің арманы»
12.00 «Келінжан»
13.00 «Ойна»
14.00 М/с «Барбоски»
15.00 Х/ф «В погоне за счастьем»
17.00 Сериал «Мечта Эш-рефа»
19.00 Новости
19.30 Х/ф «Твои, мои и наши»
21.10 Сборник «Cover show»
21.30 Жаңалықтар
22.00 «КешREC»

12.00 «Келін BATTLE» / тікелей эфир/
14.20 «19 аймақ»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Агро аймақ»
15.35 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Қожайынның балалары»
17.00 «Әу» де /тікелей эфир
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Барынды бағала»
20.00 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «Агронаука ресурс или обуза?»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Сенім саммиті»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Туған күніңізбен, Анашым»
22.40 «Әсем әуен»
23.10 «Біздің толқын»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить Здорово!»
10.50 «Модный Приговор»
11.50 «Давай, поженимся!»
12.50 Сериал «Забудь и Вспомни»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
18.30 «Басты жаңалықтар»
14.30 «Qoslike»
19.00 Koremiz-Ioy»
20.00 «Главные новости»
20.30 Сериал «Ментовские войны-11»
00.40 «Главные Новости»
01.05 Сериал «Охота на изюбря»
02.40 «Koremiz-шоу»
02.10 «Басты жаңалықтар»
03.25 «Паутина»

КТК

07.05.04.10 Кешкі жаңалықтар
07.25 «Әнім сен едің»
08.10 «Джелаладдин»
09.30. 21.00 Вечерние новости
10.10, 23.40 сериал «Тверская, любой ценой»
12.10, 21.40 сериал «Клан ювелиров»
14.10 сериал «Кольцо с рубином»
16.40, 01.40 Сериал «Дворняжка ляля»
18.30 сериал «Однажды в Чукурова»
20.35 Кешкі жаңалықтар
03.10 «Джелаладдин»
04.30 «Ктк қоржыны»
05.30 «Әнім сен едің»

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.15 К/ф «Тентек тілшілер»
11.05 «Әсем әуен»
11.40 Д/ф «Агронаука ресурс или обуза?»

Жексенбі - Воскресенье, 3 мамыр

ХАБАР

05.00, 23.15 Тх «Фатмагүл»
07.00 «Алғашқы»
08.00 Концерт «Елімнің бір еркесі мен боламын»
10.00 М/ф «Маленький большой герой»
11.10 М/с «Барбоскины»
11.45 Х/ф «Ангелы чарли 2:Только вперед»
13.45 Әмір өнегі
15.00 «Азамат» ток-шоу
16.15 Тх «Келінжан»
19.00 «7-күн»
19.40 Глобальные события
20.00 «Қызық times»»
22.15 Х/ф «Госпожа горничная»

ЕВРАЗИЯ

06.00,04.15 «П@утина»
07.40 Асау жаңалықтар
08.20 «Заң мен ел»
08.45 «Повар на колесах»
09.35 Сериал «Три товарища»
13.30 Х/ф «Се Ля Ви»
14.00 Говорим о главном
15.00 «Се Ля Ви» продолжение
19.00 Док.фильм
20.00 «Аналитика»
20.50 «Анықтаймыз»
21,40 Сериал «Фальшивая нота»
01.40 «Что? Где? Когда?»
02.40 Кино «Грузчики»

Жұма - Пятница, 1 мамыр

ХАБАР

05.00, 01.00 Тх «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 «Хақың бар»
09.30 Мировые новости
09.45 Әлем жаңалықтары
10.00, 23.00 Тх «Эшрефтің арманы»
12.00 Тх «Келінжан»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 М/ф «Поднять якоря!»
15.10 М/ф «Маленький большой герой»
16.20 М/с «Барбоскины»
17.00 Серяил «Мечта Эш-фера»
19.00 Новости
19.30 Х/ф «Энни»
21.30 Жаңалықтар
22.00 «Қоғам пікірі»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «П@утина»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 Кино «Белые росы»
12.20 Кино «Таптымау сені»
14.30 «Qoslike»
18.30, 03.20 «Басты Жаңалықтар»
19.00, 03.45 «KOREMIZ-ШОУ»
20.00 «Главные новости»
20.30 Парламент Online
20.55 Поле чудес
22.10 Х/ф «Везет»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
09.00 «Кел шырқайық»
10.00 Сериал «Тверская. Любкой ценой»
12.10 Сериал «Клан ювелиров»
14.00 Сериал «Кольцо с рубином»
16.30,00.50 Сериал «Дворняжка ляля»
18.20 «Жан ана»
21.00 Сериал «Лучшая подруга»
02.20 «Кел шырқайық»
03.10 Ән мен әнші

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.15 К/ф «Өз үйім өлең төсегім»
11.05 «Единый народ»
11.30 Д/ф «Travel Kazakhstan»
12.00 «Әу» де»

КТК

07.05 Жігіттер тобы
09.00 К/ф «Махаббат пен қорқыныш»
10.30 Сериал «Родная кровь»
14.00 Сериал «Однажды в чукурова»
18.40 «Е.Нұржанның шығармашылық кеші»
21.00 «Портрет недели»
22.00 Реальная мистика
01.30 К/ф «Махаббат пен қорқыныш»
02.50 «Е.Нұржанның шығармашылық кеші»
05.50 Әнім сен едің

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 «Апта» (қаз)

12.40 «Әсем әуен»
13.05 «19 регион»
13.40 «DARA LINE»
14.30 «Барынды бағала»
15.00 «Жұлдызың жансын, жас дос!»
16.00 К/ф «Кәріс келін»
17.15 «Бір шәугім шай»
17.45 К/ф «Өзбек құда»
18.00 «Мақсатына жеткендер»
18.30 Д/ф «Қазақтың Страдивариі»
19.00 «Жетісу жақұты»
19.35 «102» соощаает»
20.00 Д/ф «Менің елім»
20.30 Арнайы шығарылым
21.00 «Единый народ»
21.30 Специальный выпуск
22.00 Серікбол Сайлаубектің концерті
23.15 Д/ф «Человек с острова Кулалы»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30, 05.20 Ризамын
07.20 «КН Инновациялық шоу концерті»
09.00 М/с «Аватар. Легенда об Аанге»
09.30 М/с «Губка боб»
10.00 М/с «Пингвины мадагаскара»
10.30 М/с «Кунг-фу Панда»
11.00 «Алдараспан 2026»
13.40 Кино «Тамыр»
15.30 Х/ф«Город героев»
17.30 Х/ф«Джумнаджи»
19.30 Х/ф«Тор: Рагнарек»
22.00 Х/ф«Форрест гамп»
00.50 «31-әзіл»
02.40 «Time vine»
03.00 «TikTok show»
03.20, 05.00 «Whats up»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 «Bala Battle»

7 КАНАЛ

06.02 «Тағдырлас тамырлар»
07.00, 22.00 Тх «Үзілген жапырақтар»
09.00 Үздік әзілдер
11.00, 21.00 Сериал «Далекый город»
12.00 Х/ф «Брат или Брак»
14.00 К/ф «Еркебай»
15.30 Х/ф «По семейным обстоятельствам»
17.00, 18.30 Телесериал
18.30 Тх «Алыс сахар»
19.30 Тх «Әңгімесі ауылдың»
20.00 «Ветренный»
23.40 Әзілің жарасса
01.10 Тх «Тақиясыз періште»
02.00 Телесериал
04.10 Гүл-Гүл
04.30 Жарқыраған жұлдыз
05.00 Өсекшілер

Сенбі - Суббота, 2 мамыр

ХАБАР

05.00, 00.00 Тх «Фатмагүл»
07.00 «Алғашқы»
08.00 Концерт «Әмір-өзен»
09.35 Мед\т «Балам үшін»
10.00 М/ф «Поднять якоря»
11.10 М/с «Барбоскины»
12.00 Х/ф «Энни»
14.00 «XXI-ғасыр көшбасшылары»
15.30 «Қызық times»
16.45 Тх «Келінжан»
19.00 «7-күн»
19.40 «Жұмыр жер»
20.00 «Cover show»
22.00 Х/ф «Ангелы чарли 2: только вперед»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.40 «П@утина»
08.00 Главные новости
08.30 Парламент online
09.00 Х/ф «Моя старшая сестра»
10.45 Х/ф «Миг украденный у счастья»
15.00 «qoslike»
18.00 Фильм «Бөлек шығайық»
20.00 «Асау жаңалықтар»
20.35 «Заң мен ел»
21.00 Деректі фильм
22.00 Сериал «Фальшивая нота»
02.00 Кино «Мужская интуиция»

КТК

07.05 Әнім сен едің
07.30 Ө\ф « Бұл махаббатқой»
10.30 Сериал «Лучшая подруга»
14.00 Сериал «Однажды в чукурова»
18.20 «Жігіттер тобы»
21.00 Сериал «Родная кровь»
00.40 Ө\ф «Бұл махаббатқой»
03.20 Жан ана
05.40 «Әнім сен едің»

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Арнайы шығарылым
09.30 Специальный выпуск
10.15 К/ф «Бала болғым келеді»
11.05 «Әсем әуен»
11.35 Д/ф «Орта дәліз»
12.00 «Біздің толқын»
12.50 «Әсем әуен»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.35 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 05.00 Әзіл студио
07.00, 01.20 «31- әзіл»
07.30 «Тәтті шоу»
08.00 М/с «Аватар. Легенда об Аанге»
08.50 М/с «Губка Боб»
09.20 «Готовим с Адель»
10.00 TeleBingo
10.30 Күліп all
11.00 Саумал
11.20, 03.00 TikTok show
11.30 Х/ф «Трансформеры:начало»
13.40 Х/ф «Ип Ман-2»
16.10 Х/ф «Хроники Нарнии: Покоритель зари»
18.20 Х/ф «Тор-2: Рагнарек»
20.50 Х/ф «Армагеддон»
23.50 Бүркіт пен Аишаның ән кеші
03.30 «Time vine»
03.50 «1001 Әзіл»
04.00 «Bala Battle»
04.30 Whats up
05.30 Ризамын

14.00 «Жетісу жақұты»
14.35 «102» соощаает»
15.00 К/ф «Оқылмаған хаттар»
16.35 Д/ф «Орта дәліз»
17.00 «Шашу»
17.40 «Ауылдан адам көшкенмен...»
18.00 «Алматы әуендері» концерті
20.00 «Дала сыры»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 «Апта»
21.30 «Апта»
22.30 Д/ф «Жауынгер»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 04.40 Әзіл студио
07.00 «Күліп All»
07.30 «Тәтті шоу»
08.20 М/с «Аватар. Легенда об Аанге»
09.10 М/с «Пингвины мадагаскара»
10.00 «Готовим с Адель»
10.40, 11.20 «Шымкент шоу»
11.00 Саумал
12.10 Кино «Тамыр»
14.00 Х/ф «Город героев»
16.00 Х/ф «Трасформеры: начало»
18.10 Х/ф «Хроники Нарнии: Принц зари»
22.00 Х/ф «Жажда смерти»
00.30 «Жарай ма?»
02.30 «Bizdin show»
03.30 «Тамаша Live»
05.00 «1001 Әзіл»
05.10 «Bala Battle»
05.30 Whats up

7 КАНАЛ

06.02 Әзілің жарасса
07.00, 22.00 Тх «Үзілген жапырақтар»
09.00,19.30 Тх «Әңгімесі ауылдың»
09.30 К/ф «Еркебай»
11.00,21.00 Сериал «Далекый город»
12.00 Х/ф «По семейным обстоятельствам»
15.00 Х/ф «Брат или Брак-2»
17.00 Жарқыраған жұлдыз
18.00 Алыс сахар кейіпкер көзімен
18.30 Тх «Алыс сахар»
20.00 Сериал «Ветренный»
23.40 «Әзілің жарасса»
01.40 Гүл-гүл шоу
02.30 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
03.20 Жұлдызды шаңырақта
04.00 Қызықты weekend
04.50 Өсекшілер

7 КАНАЛ

06.02 Жарқыраған жұлдыз
07.00, 22.00 Тх «Үзілген жапырақтар»
08.40, 19.30 «Әңгімесі ауылдың»
09.10 «Ну Погод»
10.00 СМ/ф Золотая коллекция
11.00,21.00 Сериал «Далекый город»
12.00 Х/ф «Брат или Брак-3»
14.00 К/ф «Жұмбақ қыз»
16.00 Шымкент шоу
18.00 Алыс сахар кейіпкерлер көзімен
18.30 Тх«Алыс сахар»
20.00 «Ветренный»
23.40 Әзілің жарасса
01.40 Гүл-гүл шоу
02.30 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
03.20 Жұлдызды шаңырақта
04.10 Қызықты weekend
05.00 Япырай
05.20 Өсекшілер

АДАМЗАТ ТАРИХЫНДА ӨТКЕН ЗҰЛМАТ СОҒЫСТАРДЫҢ ІШІНДЕ ДҮНИЕЖҮЗІНЕ ЕҢ БІР ҚАЙҒЫ МЕН ҚАСІРЕТ ӘКЕЛГЕН СОҒЫ СҰРАПЫЛ СОҒЫСТЫҢ АЯҚТАЛҒАНЫНА БИЫЛ 81 ЖЫЛ ТОЛАДЫ ЕКЕН.

Біз Ұлы Отан соғысы деп жүрген миллиондаған адамды жалмаған бәлекет туралы жазылмаған дүние жоқ шығар. Мыңдаған әдеби кітап, кино, деректеме, шындығы мен шымылдығы ашылмаған оқиғалар, барды жоқ, жоқты бар деп, халықтың сенер сенбесіне көз жеткізе алмайтын шығармалар жарыққа шықты. Шығып та жатыр. Әлі де болса хабарсыз кеткен кісілер туралы нақты мәліметтер табылып, ұрпақтарының әке-аталарының жатқан жеріне барып, тәу етіп, басына құлпытас қойып, борыштарын өтеп, көңілдері жайланып келгендері де бар. Ал мен жазайын деп отырған кісі соғыстан аман-есен келіп, абыройлы жұмыс істеп, бірақ аты-жөні Қаратал ауданында ескерусіз қалған соғыс ардагері.

Қарапайым жауынгер, санитарлық ротаның санитары болған Көдеков

АТҚЫШТАРДАН САНИТАРЛЫҚ РОТАҒА

- «Біз соғысқа кірер кезде жаралылар көп болғандықтан, және қыз балалар ауыр жаралы жауынгерлерді алып шығуға шамалары жетпегендіктен, бәкене бойлы мені санитарлық ротаға жіберді. Сол кезде бізге солдаттардың рухын көтеру үшін Москва түбінен немістерді қайтарып, жеңіске жеткенімізді айтып жатты. Ал біз барған жерде әлі де болса фашистердің күші басым болатын. Күнделікті топырлап түсіп жатқан біздің жаралы сарбаздар айтушы еді, «қазір кішкене сәл де болса, қарсы шығып, күшімізді көрсете бастадық. Немістердің күш-қуаты алғашқы кезде есімізді жиғызған жоқ. Себебі бізде қару-жарақ тапшылығы болды. Дұшпандарымыз әуеден са-



ЕЛЕНБЕЙ ҚАЛҒАН СОҒЫС АРДАГЕРІ

Қазір Үштөбе қаласының демалыс саяжайында сол сұрапыл соғысқа қатысқан қараталдықтардың аты-жөні жазылған ескерткіш тұр. Бірақ ол жердегі тізімде Көдеков Аңсарбек жоқ. Осы соғысқа қатысып, қаза болғандар мен аман-есен келгендердің марапаты бары да жоғы да жауынгердің қай-қайсысы болмасын жау жүрек батыр деп айтуға болады. Ал мен Аңсарбек ағаның «Қызыл жұлдыз» ордені бар екенін білетінмін. Талай рет ұлы Бекен екеуіміз қолымызға ұстап, қызықтап көретінбіз.

Аңсарбек ағаның Донбас па әлде Донецк қаласы үшін болған соғысқа қатысқанын айтып отыратыны есімде. Молдова, Румыния, Венгрия, Словакия, Польша жерінде болып, соғыстың соңғы күндерін Чехословакияда өткізген. Аңсарбек Көдеков Оңтүстік Буг өзенінің оң жағасындағы соғыс шеңберін кеңейту кезінде 62 жаралы офицер мен жауынгерлерге көмек көрсетіп, жеке өзі жаудың толасыз жауған оқ астынан, соғыс алаңынан қауіпсіз жерге 17 жаралы қызыл әскерлер мен офицерлерді қаруымен бірге аман алып шыққан.

ЕСКЕРІЛМЕЙ ҚАЛҒАН СОҒЫС АРДАГЕРІ




Кодеков Ансарбек

Наградной документ
Дата рождения: __. __. 1913
Место призыва: Харабинский РВК, Казахская ССР
Воинское звание: красноармеец
Наименование награды: Медаль «За отвагу»

Приказ подразделения

№: 11/н от: 09.04.1944
Издан: 814 сп 236 сд
Информация об архиве+



қазіргі №13 мектепте 5-6 сыныбында оқыдым. Біз, менімен құрдас баласы Бекен екеуіміз, күнде сабақтан келісімен түстен кейін оның наубайханадағы жұмысына баратынбыз. Жанындағы жұмысшылар асханасынан тегін қантпен шай ішіп, бөлішке жеп, сол күнгі наубайханадан шыққан Аңсарбек ағаның күнделікті беретін екі бөлке нанын алып қайтатынбыз. Ыстық нанның иісі ерекше болатын.

Кешкі астан кейін кейде көңілді кезінде немістерді қалай жеңгенін сұрайтынбыз. Ол кезде біз оқыған тарихтан фашистерді оңай құртқан сияқты көретінбіз.

Ағамыз соғысқа 1942 жылдың басында барған. Бірден № 236 атқыштар дивизиясының № 814 атқыштар полкіне қабылданып, алдыңға шепке жіберілген. Нақтылы қай жерде болғандығы туралы балалары есіне түсіре алмады. Біздің білетініміз ол кісі Молдова, Румыния, Словакия, Польша жерінде болған.

молетпен бомбалап, жерде танк, мотоцикл, машинаман шабуылдап, алға жылжумен болды. Тым-тырақай қашқан біздер орманға паналайтынбыз. Бір жақсы жері Украина, Белоруссия, Ресей жерінде орман алқаптары көп еді. Сол кезде ішіміздегі дәрежесі жоғары офицерлер бәрімізді жинап алып, соған бағынатынбыз. Тек қазан, қараша айын-

Картотека награждений
0 документе ^

Коденов Ансарбек

- Медаль «За боевые заслуги»
- Медаль «За отвагу»
- Орден Красной Звезды

Дата рождения: __. __. 1913
Место рождения: Казахская ССР, Талды-Курганская обл., Каратальский р-н, ст. Уш-Тобе
Дата поступления на службу: __. __. 1942
Воинское звание: красноармеец
Картотека: Картотека награждений

да ғана дұрыс қарулар келіп, қорықпай қарсы шыға бастадық. Оның үстіне шегінуге болмайтындай етіп, артымыздан өзіміздің әскерден арнайы жасақ қойып қойды. Сондықтан шегініп абыройсыз өлгенше, жаумен шайқасып өлгенді жөн көрдік» - деп, соғыстың басынан бері көрген құқайларын айтатын.

Ажал жетпей өлмек жоқ, «Қырық жыл қырғын болса да» деп жиі еске алатын. Үш рет жараланған көрінеді. Соңғы рет басына снарядтың жарықшағы тиіп, үш ай госпиталға жатып шығып, қайтадан өзінің әскер бөлімшесіне барып, тиісті әскери міндетін атқара берген.

«Мен де үш жарым жыл ішінде «қайрат етер кезінде жүк көтерер нардай бол» - деп Баукең айтпақшы, шыдадым, аман қалдым. Қазір 20 мил-

лион адам шейіт болды деп жүрген көрінеді. Атасының басы, менің ойымша бұдан әлдеқайда көп кісі шығын болды. Себебі, взвод, ротадан төрт-бес кісінің тірі қалғанын мен өз көзіммен көрдім. Олардың орнын дереу жаңадан келген кісілермен толықтырып тұратын. Көпшілігінің соғыс тәжірибесі жоқ еді. Біз санротаның жауынгерлері жаралы солдаттарды қанды шайқас кезінде соғыс алаңынан шығарып үлгермей қалған кезіміз де болды. Кейде біздікі шегінгенде ауыр жаралылар жау шебінде қалып та қалатын. Осының бәріне мен куәмін», - деп қызуланып айтатын.

Біз оған аса мән бермейтінбіз. Кейін осы айтқан сөздері үшін ағамызды қамап та қойып жүрді. Бірақ Ұлы Отан


Кодеков Ансарбек

Год рождения: __. __. 1913

Действия

Прошел боевой путь в составе:
Нет данных

Развернуть боевой путь ^



соғысы ардагері және «Қызыл жұлдыз» ордені болғандықтан, екі-үш күннен соң шығарып үйіне әкеліп тастайтын.

ЕСІМІ РЕСЕЙ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ МАРАПАТ ТІЗІМІНДЕ БАР

Бұл менің ойдан шығарып отырған нәрсем емес, 1944 жылғы 9 сәуір күнгі № 11/н шыққан жарлықта, не үшін «За отвагу» медалінің берілгені жазылған. Құжаттаманың түп нұсқасы РФ -ның орталық Қорғаныс Министрлігінің архивінде марапаттау тізімдемесі электронды түрде /ic-36-шкаф, 16 жәшікшеде сақтаулы. Оны әзірге тек Ресейлік азаматтары ғана көре алады екен. Ал, «За боевые заслуги» медалі мен «Қызыл жұлдыз» орденінің құжаттамасының түп нұсқаның қай жерде екенін біле алмадық. Бірақ «Марапаттау тізімдемесінде» бар екеніне көзімізді жеткіздік. Олардың барлығы бір жерде, бір жәшікте сақтаулы көрінеді.

Жеңіс күнін Чехословакия жерінде қарсы алған. Өзінің туып, өскен жеріне соғыстан қайтып келісімен, үй-іші, балалары мен сүйікті жары Балбаламен қауышып, Үштөбе қаласының темір жол наубайханасына жұмысқа орналасады. «Шебер маман» мастер атағымен жұмыс істеген. Ағамыз бір қыз, бес ұлдың әкесі. Үлкен ұлы Өсемғалидың екі ұлы бар. Менімен құрдас Бекеннің бір ұл, екі қызы бар. Бекеннің ұлы Көдеков Жанат Астана қаласының Полк патруль комиссаясында жұмыс істейді. Атағы капитан. Павлодар мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген. Оның 1 қыз, екі ұлы бар. Қызы Көдек Дәния Бекенқызы Павлодар қаласында тұрады. Осы облыстың Тереңөзек аудандық сотының судьясы. 3 қызы бар. Тағы бір қызы Көдекова Галия Павлодар қаласында тұрып жатыр. Торайғыров атындағы университеттің қауымдастырылған доцент лауазымында қызмет істейді. Профессор, PhD докторлық дәрежесіне ие. Бір қызы бар.

Аңсарбек аға 1975 жылы қайтыс болды. Қазіргі заманымыздың тыныштығы мен бейбіт өміріміз осы кісілердің жанкештілігінің арқасында келгендігін ұмытпайық, ағайын!

Рахымғали ӨТЕГЕНҰЛЫ,
Қаратал ауданының
құрметті азаматы

МЕРЕКЕ

«ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ» КММ ҚАРАСТЫ УЧХОЗ (ЗВТ) №8 КІТАПХАНА ФИЛИАЛЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ҰЛТТЫҚ КІТАП ЖӘНЕ КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ» МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ, БАРЛЫБЕК СЫРТТАНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ №25 ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН БАЛАЛАР ЖАЗУШЫСЫ ЖҰМАБАЛА БАЛАҚАРАНОВАМЕН ЕРКІН ФОРМАТТА «ҚАЛАМҒЕР ЖӘНЕ ТУҒАН ӨЛКЕ» ТАҚЫРЫБЫНДА КЕЗДЕСУ КЕШІ ӨТТІ.

23 СӘУІР – «ҰЛТТЫҚ КІТАП ЖӘНЕ КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ»

Іс-шара барысында кітапханашы Айгүл Қазтайқызы көпшілік оқырмандарға өлкеміздің тумасы, балалар жазушысы Жұмабала Қазтайқызының өмірі мен шағармасына мәлімет беріп өтті. Жұмабала Қазтайқызы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен және «Еңбек ардагері» медалімен «Еңбек адамы» төсбелгісімен, көптеген алғысхаттар мен мақтау грамоталарының иегері. Президенттің алғыс хатымен марапатталған, Көксу ауданының құрметті азаматшасы. Сонымен қатар «Жетісу» облыстық телеарнасында авторлық «Балауса», «Сыр сандық» атты балалар бағдарламасын жасап жүргізген. Қазіргі уақытта Жетісу телеарнасында өтіп жатқан «Келін батл» жобасының тұрақты сарапшысы. Біраз өлеңдері облыстық «Жетісу» газеті беттерінде, Көксу аудандық газеттерінде жарық көрген. Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі. Сондай-ақ, кеш қонағы жазушы өз шығармашылығы, балалар әдебиетінің маңызы және туған өлкенің көркем бейнесі туралы әңгімеледі. Оқырмандар автордың еңбектерімен танысып, сұрақ қойып, еркін пікір алмасты. Кеш соңында жазушы жас оқырмандарға жылы лебізін білдірді. Сондай-ақ, кітап қорындағы балалар кітаптарынан «Кітап – сырға толы әлем» атты кітап көрмесі безендіріліп, көрмеге кітапханашы К.Жұмаділқызы библиографиялық шолу жүргізді. Көрмеге Ж.Балақаранованың ертегілері, Қ.Баянбайдың 3 - томдық таңдамалы шығармалары. Ә.Ысабайдың «Ұлы дала ұланымын», «Ана алақаны», «777 жұмбақ», «Балаларға қазына», «Құлыншақ» тағы басқа кітаптары қойылды. Мақсаты - оқырмандарды қаламгер шығармашылығымен таныстыру, балалар әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, туған өлке тақырыбының маңызын түсіндіру және жас буынды отансүйгіштікке, рухани құндылықтарды бағалауға баулу.



Айгүл ҚАДЫРОВА,
№ 8 кітапхананың кітапханашысы,
Талдықорған қаласы

ЗАҢ

«СОТ КАБИНЕТИ» АҚПАРАТТЫҚ СЕРВИСІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫ

«СОТ КАБИНЕТИ» АҚПАРАТТЫҚ СЕРВИСІ - ҚАҒАЗСЫЗ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ. ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НЫСАНДА ТАЛАП ҚОЮЛАР, СОТ ХАТТАМАСЫН БЕРУ ТУРАЛЫ АРЫЗДЫ, ХАТТАМАҒА ЕСКЕРТУ – АРЫЗДЫ БЕРУГЕ, БЕРІЛГЕН ТАЛАП БОЙЫНША ҚОСЫМША ҚҰЖАТТАР ЖІБЕРУГЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБАНЫ ОТЫРЫП, ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚАДАҒАЛАУ ІС ЖҮРГІЗУІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУШЫҒА ҢҒАЙЛЫ КЕЗ КЕЛГЕН ОРЫНДА ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІ АРҚЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАЖ САЛЫҒЫН ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ ТӨЛЕУГЕ БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК.

Осы жүйемен берілген барлық талаптар бойынша талап қоюшы оның сот өндірісіндегі қозғалысын көріп, біліп отыру мүмкіндігі бар.

«Сот кабинеті» ақпараттық-сервисі онлайн сервистерге және сот органдарының қызметіне қол жеткізудің бірыңғай терезесі, сот жүйесінің органдары мен халықтың өзара әрекеттестігі бойынша оң нәтижесін беруде.

Сот арыздарды, өтінішхаттарды, талап қоюды, беру механизмін жеңілдетуге, азаматтардың уақытын үнемдеуге, сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігіне, сонымен бірге сот іс жүргізуін электрондық цифрлық қолтаңба арқылы электрондық әрекеттесі бойынша жеңілдетуге бағытталған.

«Сот ісін жүргізу» қызмет көрсету азаматтық, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік сот ісін жүргізу құқығы салалары бойынша бөліктерді қамтыған, ол тәжірбесі жоқ пайдаланушыға заңдық кеңес алмай-ақ сервисі пайдалану мүмкіндігін ұсынады. Құқықтың әрбір саласында тиісті электрондық қызмет көрсетулер бар.

«Менің істерім» бөлімінде пайдаланушы жіберген электрондық арыз туралы ақпаратты қарау және істі қарау барысының мүмкіндігі жеңілдетілген. Пайдаланушыға ыңғайлы болу үшін енді бірінші, апелляциялық және қассациялық сатыдағы ақпаратты қарау барысы бір жерде іске асырылған, пайдаланушы тиісті сілтемені баса отырып, барлық сатыдағы өз ісінің қозғалысының тұтас процесін қарай алады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесіне заманауи электрондық технологиялық енгізу халықтың сот төрелігіне қолжетімділік деңгейін елеулі түрде көтеруге мүмкіндік береді.

«Сот кабинеті» сервисі біртіндеп қағаз құжат айналымынан бас тартуға, ол өз кезегінде соттар электрондық сот ісін жүргізудің жаңа сатысына көшуге мүмкіндік береді.

Гайнигуль ТОКЕНОВА,
Жетісу облысы
Талдықорған қаласының
мамандырылған тергеу сотының
әкімшісінің бас маманы.

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ
ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ ЕСЕБІНЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ

Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы және БЖЗҚ-ның зейнетақы қағидаларында айқындалған тәртіппен ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес 2026 жылғы наурыздан бастап БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, бұрын 50 жасқа толуына немесе мүгедектігіне байланысты оларды төлеу туралы БЖЗҚ-ға өтінішпен жүгінбеген зейнеткерлік жасқа толған тұлғаларға ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерінің өтінішсіз тағайындау тәртібі енгізілді.

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерінің өтінішсіз тәртібі (олар болған жағдайда) келесіні көздейді:

- ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін БЖЗҚ тарапынан автоматты түрде тағайындау Мемлекеттік корпорацияға белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджеттен зейнетақы және міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнеткерлік жасына жетуіне байланысты төлемдер алуға өтінішпен жүгінген кезде;

- проактивті қызмет шеңберінде ЕЗЖ есебінен төлемдерді жүзеге асыру Мемлекеттік корпорациямен жыл сайынғы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде бюджет қаражаты есебінен тағайындалған жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және

(немесе) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдері болған кезде.

Өтінішсіз тәртіп зейнеткерлік жасқа толған азаматтарға қатысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне бірыңғай тәсілді белгілеу мақсатында қабылданды. Жаңашылдық ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін оңтайландырады және жалпыға бірдей белгіленген зейнетақы жасына жеткен, бұрын БЖЗҚ-ға 50 жасқа толуына немесе мүгедектігіне байланысты оларды төлеу үшін жүгінбеген адамдардың ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының талап етілмеу тәуекелін жояды.

Егер ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төменгі зейнетақының 12 еселенген мөлшерінен аспаса (2026 жылы – 828588 теңге (12*69049)), бір реттік төлем ретінде жасалады немесе ай сайынғы кесте бойынша таусылғанға дейін жарналардың міндетті түрлерімен бірге жүзеге асырылады. Алайда алушы БЖЗҚ-ға ЕЗЖ есебінен төлем шарттарын өзгерту туралы өтінішпен жүгіне алады.

Естеріңізге сала кетейік, 50 жасқа толған немесе мүгедектігі бар адамдар БЖЗҚ сайтында немесе мобильді қосымшасында, сондай-ақ Қор кеңсесінде ЕЗЖ есебінен төлемдер алуға БЖЗҚ-ға өтініш бере алады.

ЕЗЖ есебінен төлемдер алу тәртібі туралы толық ақпаратпен БЖЗҚ сайтында «қызметтер»/«ЕЗЖ есебінен төлемдер» бөлімінде танысуға болады.

В КАКИХ СЛУЧАЯХ ПЕНСИОННЫЕ ВЫПЛАТЫ ЗА СЧЕТ ДОБРОВОЛЬНЫХ ПЕНСИОННЫХ ВЗНОСОВ НАЗНАЧАЮТСЯ АВТОМАТИЧЕСКИ

Согласно внесенным изменениям в Социальный кодекс Республики Казахстан, предусматривающим осуществление пенсионных выплат за счет ДПВ в порядке и на условиях, определенных договором о пенсионном обеспечении за счет ДПВ и пенсионными правилами ЕНПФ, с марта 2026 года внедрен беззаявительный порядок пенсионных выплат за счет ДПВ лицам, достигшим пенсионного возраста, имеющим в ЕНПФ пенсионные накопления за счет ДПВ, ранее не обратившимся в ЕНПФ за их выплатой в связи с достижением пятидесятилетнего возраста или инвалидностью.

Беззаявительный порядок пенсионных выплат за счет ДПВ (при их наличии) предусматривает:

- автоматическое назначение ЕНПФ пенсионных выплат за счет ДПВ при обращении в Государственную корпорацию в установленном порядке с заявлениями на получение пенсии из государственного бюджета и выплат за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ) и (или) обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) в связи с достижением пенсионного возраста;

- осуществление выплат за счет ДПВ в рамках проактивной услуги

по результатам ежегодной сверки с Государственной корпорацией на наличие у указанных лиц в информационной системе уполномоченного органа в сфере социальной защиты населения назначенных за счет бюджетных средств пенсионных выплат по возрасту и (или) государственной базовой пенсионной выплаты.

Беззаявительный порядок принят в целях установления единого подхода к пенсионным выплатам из ЕНПФ в отношении лиц, достигших пенсионного возраста. Нововведение оптимизирует пенсионные выплаты за счет ДПВ и исключает риск не востребованности пенсионных накоплений за счет ДПВ лицами, достигшими общеустановленного пенсионного возраста, ранее не обратившимся в ЕНПФ за их выплатой в связи с достижением пятидесятилетнего возраста или инвалидностью.

Пенсионные выплаты за счет ДПВ будут осуществляться одновременно, если сумма пенсионных накоплений за счет ДПВ не превышает двенадцатикратного размера минимальной пенсии, установленного законом о республиканском бюджете и действующего на 1 января соответствующего финансового года (в 2026 году – 828588 тенге (12*69049)) либо до исчерпания пенсионных накоплений по ежемесячному графику совместно с выплатой за счет обязательных видов взносов. Однако получатель может обратиться в ЕНПФ с заявлением об изменении условий выплат за счет ДПВ.

Напоминаем, что лица, достигшие пятидесятилетнего возраста, или имеющие инвалидность, могут подать заявление в ЕНПФ на получение выплат за счет ДПВ в личном кабинете на сайте или в мобильном приложении ЕНПФ, а также в офисе Фонда.

С подробной информацией о порядке получения выплат за счет ДПВ можно ознакомиться на сайте ЕНПФ в разделе «Услуги»/«Выплаты за счет ДПВ».

МЕДИАЦИЯ

ТИІМДІ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫ КЕҢЕЙТУ

Біздің еліміздің қазіргі кездегі негізгі саясатының бірі – сот жүйесін дамыту болып табылады. Бір жағынан қарағанда соттар қоғамдық қатынастардан туындаған даулар бойынша сот төрелігін іске асырып, заңды әрі негізді шешім қабылдау функциясын іске асырса, екінші жағынан татуласу рәсімдері арқылы сот істерін бітіммен аяқтауды жүзеге асырады.

Соңғы уақытта медиация - кең тараған бітістіру мен табыстыру рәсімдерінің бірі болып табылады. Бұл үрдістің кең етек алғаны соншалық, кез келген қоғамдық қатынастарда татуластыру құралы ретінде пайдаланып келеді. Жай ғана сот істерін алып қарайтын болсақ, азаматтық,

қылмыстық және әкімшілік іс жүргізудегі кейбір санаттағы істерде дауды медиация тәртібімен реттеу жолға қойылған.

Медиацияның мақсаты - дауды шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар медиацияның

қолданылу саласы болып табылады.

Тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медиация тараптардың өзара келісімі бойынша таңдалған, медиаторлар тізіміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады. Медиаторлар екіге бөлінеді: олардың бірі медиация мәселесі бойынша арнайы білім алып, тәжірибе жинақтаған кәсіби медиаторлар, ал, екіншісі – кәсіби емес медиаторлар. Заңда атап көрсетілгендей, медиаторлықты таңдаған адам өз қызметін кәсіби де, кәсіби емес те негізде жүзеге асыра алады.

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырыла-

тын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі. Яғни медиация – үшінші бейтарап көзқарасты ұстанатын медиатордың қатысуымен дау-жанжалдарды шешудің баламалы әдісі, оны тараптарды өзара келістіру тәсілі немесе мәмілегер, бітімгер деп түсіну абзал. Ол екі жақтың еріктілік, құпиялық, тең құқылығын сақтай отырып, тараптардың өзара тиімді бітімге келуіне жол ашады.

Балжан ҚЫДЫРҚОЖАНОВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

МАМАН МІНБЕРІ

АТҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ МӘЖБҮРЛЕП

ОРЫНДАТУ МЕРЗІМДЕРІ

Сот ісін жүргізудің аяқтау сатысы сот актілерін орындау болып табылады, сондықтан олардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ететін шаралар қабылдануы қажет. Осыған байланысты сот ісін жүргізудің тиімділігін арттырудың маңызды шарасы ретінде мемлекеттік сот орындалуымен қатар жеке сот орындаушыларының институтын енгізілген болатын. Жеке сот орындаушылары атқарушылық құжаттардағы талаптарды өз еркімен орындамаған адамдарға қатысты атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуды іске асырумен айналысады. Бүгінгі шағын мақаламызда атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға берілетін мерзімдер туралы тілге тиек ете кетейік.

Мәселен, Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңының 11-бабына сәйкес атқарушылық құжаттар мәжбүрлеп орындатуға мынадай

мерзімдерде: от актілері негізінде берілетін сот бұйрықтары мен атқарушылық парақтар, - үш жыл ішінде; соттардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарған қаулылары - егер заңда өзге мерзімдер белгіленбесе, бір жыл ішінде; әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органның (лауазымды адамның) қаулылары, - бір жыл ішінде; әкімшілік жаза қолдануға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) берген айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамалар – бір жыл ішінде; атқарушылық жазбалар – үш жыл ішінде берілуі мүмкін.

Жеке сот орындаушысының өз қызметіне төленетін ақы сомаларын бекіту туралы қаулылары – үш жыл ішінде; соттың қылмыстық іс бойынша шығарылған мүлікке тыйым салу туралы қаулылары – бір жыл ішінде; қылмыстық теріс қылық және (немесе) қылмыс үшін айыппұл өндіріп алу туралы

атқарушылық парақтар үкім заңды күшіне енгеннен кейін: қылмыстық теріс қылық үшін сотталған кезде бір жыл ішінде; онша ауыр емес қылмыс үшін сотталған кезде үш жыл ішінде; ауырлығы орташа қылмыс үшін сотталған кезде алты жыл ішінде; ауыр қылмыс үшін сотталған кезде он жыл ішінде; аса ауыр қылмыс үшін сотталған кезде он бес жыл ішінде орындауға ұсынылуы мүмкін;

Жұмыс берушінің жалақы төлеуі туралы нұсқама – үш жыл ішінде; жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрықтары үш жыл ішінде ұсынылуы мүмкін. Осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген құжаттарды қоспағанда, атқарушылық құжаттар заңды күшіне енгеннен кейін бес жұмыс күнінен соң мәжбүрлеп орындатуға ұсынылуы мүмкін.

Аталған мерзімдер: сот актілерінің негізінде берілген атқарушылық парақтарды

мүлікті өндіріп алу бөлігінде орындау кезінде - сот актісі заңды күшіне енген не сот актісін орындаудың мерзімін кейінге қалдыру немесе ұзарту кезінде белгіленген мерзім аяқталғаннан кейінгі күннен бастап, ал сот актісі дереу орындалуға тиіс болған жағдайларда - шешім шығарылғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей; әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарылған сот қаулыларын орындау кезінде, - қаулы шығарылған күннен бастап; әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) қаулысын орындау кезінде, - мәжбүрлеп орындату туралы шешім қабылданғаннан кейінгі күннен бастап; қалған барлық атқарушылық құжаттар бойынша - олар берілгеннен кейінгі күннен бастап есептеледі.

Айгерім АСБЕКОВА,
Жетісу облысының жеке сот орындаушысы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

ЫМЫРАСЫЗ КҮРЕСКЕ ӘРКІМ ӨЗ ҮЛЕСІН ҚОССА...

Сыбайлас жемқорлық – әлем халықтарына ортақ кесел. Бұл індет өркениетті қоғамды іштен ірітеді, дамуды тежейді, азаматтардың болашаққа деген сенімін әлсіретеді. Соған орай, кез келген мемлекетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес маңызды міндеттің бірі саналады. Жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бүгінгі таңда қоғамның шынайы сеніміне ие болудан артық мәртебе жоқ. Сыбайлас жемқорлық жалпы қылмыспен қатар, Қазақстандағы қоғам және мемлекеттік билік көңіл қюды талап ететін мәселе болып отыр. Сыбайлас жемқорлық - тек құқық/бұзушылық емес. Бұл мемлекеттің тиімділігіне деген сенімге нұқсан келтіреді

және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіреді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазіргі қоғам күрделі заңдардан тұрады. Өмірдің өзі сол, қай нәрседен болмасын заңға жүгініп, жұмыс істеген тиімді. Кейде адамдардың рухани сауатсыздығынан заңсыз істерге жол беріліп жатады. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа

қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді.

Соңғы жылдары қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Ендеше,

еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына, сондықтан әлеуметтік дертке қарсы ымырасыз күрес жүргізуге әркім өз үлесін қосу және оған тосқауыл болу-баршаның басты борышы болуға тиіс.

Бақыткүл МАДЫБЕКОВА,
Текелі қалалық соты әкімшісінің басшысы.

АКТУАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА

БОЛЕЕ 300 ТЫСЯЧ ДЕТЕЙ НУЖДАЮТСЯ В АЛИМЕНТАХ

Депутат Мажиліса Магеррам Магеррамов 22 апреля 2026 года в своем депозитном запросе поднял вопрос о необходимости создания алиментного фонда, передает корреспондент Zakon.kz.

По его данным, общая задолженность по исполнительным документам, связанным с алиментами, достигает 18 миллиардов тенге.

«Уполномоченный орган говорит, что всего 4% нуждаются в алиментах. Это может казаться маленьким процентом, но на самом деле это более трехсот тысяч детей. Проблема взыскания алиментов в пользу детей — это уже системная со-

циальная проблема, которая затрагивает наиболее уязвимые категории граждан: женщин и детей. Во фракцию регулярно поступают обращения от женщин, которые сталкиваются с трудностями при взыскании алиментов с бывших супругов. И особенно тревожно, что среди них не малая часть это родители детей с инвалидностью. Эти семьи несут не только базовые расходы на жизнь ребенка, но и ежедневные затраты на уход и реабилитацию. Почему женщины вынуждены обивать пороги, добываясь того, что уже закреплено решением суда? Почему мы продолжаем мириться с ситуацией, при которой те, кто нуждается в особом вни-

мании и защите, фактически остаются без этого?», — сказал Магеррамов.

Он считает, что в таких условиях оставлять их один на один с этой проблемой — значит фактически загонять их в социальный тупик и доводить до психологического падения. И одно из решений — создание алиментного фонда.

«Мы предлагаем исключить законодательные пробелы, которые дают возможность неплательщикам алиментов уходить от ответственности. Нам непонятна позиция правительства. Основной аргумент против создания алиментного фонда — это риск формирования иждивенческих настроений.

Однако неспособность правительства кардинально решить эту проблему привела к безответственности, суммы задолженности говорят сами за себя. Здесь надо бояться не иждивенчества, а уверенности горе-родителей в безнаказанности и росте безответственности с их стороны к своим обязанностям по отношению к своим детям», — подчеркнул депутат.

По его словам, предлагается создать алиментный фонд за счет неналоговых поступлений, а также из средств Специального государственного фонда, формируемого из возврата незаконно приобретенных активов.

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ – БАРШАҒА

АЛАКӨЛДІКТЕР АУҚЫМДЫ ІС АТҚАРУДА

Бүгінгі таңда елімізде дене шынықтыру және бұқаралық спортты дамыту арқылы халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында пәрменді шаралар іске асырылуда. Өйткені, спорт – ұлт саулығының кепілі. Өркениеттің көшін бастап тұрған мемлекеттер спорт пен салауатты өмір салтын ұлттық идеология дәрежесінде дәріптейді. Бұл маңызды мәселеге Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған жолдауларында да ұдайы мән беріп келеді. Ендеше бұқаралық спортты дамыту – бұл қоғамның денсаулығын нығайту, азаматтардың дене шынықтырумен айналысуына жағдай жасау және ұлттық спорт мәдениетін қолдау мен насихаттау мақсатындағы маңызды бағыт ретінде танылып отыр.

Осы тың талаптар тұрғысында Алакөл ауданында да ауқымды істер атқарылуда. Қарапайым халықты бұқаралық спортпен айналысуға тарту мақсатында, жастарды жағымсыз әрекеттер мен теріс қылықтардан сақтандыру жолында түрлі жарыстар ұйымдастырылып келеді. Енді сөзіміздің дәлелді болуы үшін солардың бірнешеуін мысалға келтіре кетейік.

Ұшарал қаласындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде «Спорт-нашақорлыққа қарсы» тақырыбында мемлекеттік қызметкерлер мен мемлекеттік мекеме қызметкерлері арасында аудандық волейбол жарысы ұйымдастырылды. Аталған спорттық іс-шараның негізгі мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлер мен мекеме қызметкерлері арасында өзара ынтымақтастық пен бірлікті нығайту болып табылды. Жарыстың ашылу салтанатында Алакөл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің маманы Б. Сыдықов қатысушыларға сәттілік тілеп, жарыстың жоғары деңгейде өтуіне тілектестік білдірді.

Жарысқа барлығы 8 команда қатысып, тартысты әрі жоғары деңгейдегі ойын өрнегін көрсетті. Қатысушылар жеңіс үшін бар күш-жігерін жұмсап, көрермендерге қызықты әрі әсерлі ойын сыйлады. Жарыс қорытындысы бойынша Жайпақ ауылдық округі жеңімпаз атанса, аудандық білім бөлімінің ұжымы екінші орынға табан тіреді. Ал, «Алакөл жастары» филиалының командасы үздік үштікті түйіндеді. Жеңімпаз және жүлдегер командалар арнайы грамоталармен, медальдармен және кубоктармен марапатталды.

Аталған спорттық шараға мемлекеттік қызметкерлер мен түрлі мекеме қызметкерлері белсене қатысып, салауатты өмір салтын насихаттауға өз үлестерін қосты. Бұл іс-шара қоғамда нашақорлықтың алдын алуға бағытталған маңызды бастамалардың бірі ретінде жоғары деңгейде өтті.

Ұшарал қаласындағы орталық стадионда «Біз – нашақорлыққа қарсымыз!» ұранымен кең ауқымды таңғы жаттығу ұйымдастырылды. Аталған іс-шараның басты мақсаты – жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды әдеттердің алдын алу және бұқаралық спортты дамыту болды. Шараға балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жас спортшылары, сондай-ақ «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Алакөл аудандық филиалының дене шынықтыру және спорт нұсқаушылары белсене қатысты.

Жаттығу басталар алдында Алакөл аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері – полиция аға лейтенанты С.Р. Хаджимұратова және полиция майоры Қ. Нұрсұлтанова қатысушыларға нашақорлықтың адам денсаулығына, қоғамға тигізетін зияны туралы кеңінен түсіндіріп, оның алдын алу жолдары жөнінде маңызды ақпарат берді. Жастарға зиянды әдеттерден аулақ болып, спортпен тұрақты түрде айналысудың маңыздылығы ерекше атап өтілді.

Таңғы жаттығу сергіту жаттығуларымен басталып, қатысушылар жалпы дамыту жаттығуларын, жүгіру және қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған арнайы жаттығулар кешенін орындады. Спорт нұсқаушылары әр қатысушыға дұрыс жаттығу техникасын көрсетіп, қауіпсіздік талаптарын сақтауға назар аударды.

Іс-шара барысында қатысушылар көтеріңкі көңіл-күймен белсенділік танытып, бірлік пен ынтымақтастықтың үлгісін көрсетті. Жалпы саны 80 адам қамтылған бұл таңғы жаттығу жастардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын ұстануға деген ынтымақ күшейтті. Осындай профилактикалық және спорттық іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын тауып, тұрақты түрде ұйымдастырылып, қоғамда зиянды әдеттердің алдын алуға және дені сау ұрпақ тәрбиелеуге өз үлесін қоса беретіні анық.

Ұшарал қаласындағы Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде «Спорт-діни экстремизм және терроризмге қарсы» ұранымен мемлекеттік қызметкерлер мен мемлекеттік мекеме қызметкерлері арасында арқан тартудан аудандық жарыс ұйымдастырылды. Аталған іс-шараның мақсаты – қоғамда бірлік пен тұрақтылықты нығайту, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттау болды. Сонымен қатар бұл жарысқа қатысуға кез келген адамның қолы жетімді болды.

Жарысқа ауданның түрлі мекемелерінен құралған командалар қатысып, өзара тартысты бәсеке көрсетті. Қатысушылар күш сынасып қана қоймай, ұйымшылдық пен командалық рухтың үлгісін танытты. Тартысты дода нәтижесінде Шекара басқармасының ұжымы топжарды.

Екінші орынды, Жайпақ ауылдық округінің командасы еншіледі. Үшінші орын, Жанама ауылдық округінің, Қарабұлақ ауылына бұйырды. Алдағы уақытта мұндай жарыстар тұрақты түрде жалғасын табатын болады.

Кезінде жаза басып, заң талабын бұзып, жауапқа тартылған, бүгінгі таңда тағайындалған жазаларын бостандығын шектеу түрінде немесе шартты түрде өтеп жүрген, яғни, Алакөл ауданында пробация есебінде тұрған азаматтар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған спорттық іс-шара ұйымдастырылды. «Спорт – салауатты өмір салты» тақырыбында,



өткен жарыстың негізгі мақсаты – тіркеуде тұрған азаматтардың спортқа деген қызығушылығын арттыру, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ құқықбұзушылықтың алдын алу болып табылады. Аталған шара Алакөл ауданы прокуратурасының бастамасымен өтіп, оған Алакөл аудандық пробация қызметі бөлімі, «Jetisu Jastary» КММ-нің «Alakol jastary» филиалы және «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Алакөл аудандық филиалы бірлесі атсалысты.

Іс-шараға жалпы саны 25 азамат қатысып, өзара бақ сынасты. Жарыс барысында қатысушылар қол күрес (армрестлинг), арқан тарту және гір тасын көтеру сынды спорт түрлері бойынша күш сынасты. Әрбір қатысушы белсенділік танытып, жеңіске деген жігерін көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар марапатталып, оларға арнайы мадақтама қағаздары табысталды.

Арайлым ЖАПАРҒАЛИЕВА,
«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс шараларды өткізу спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Алакөл аудандық филиалының әдіскері.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

ҮСТЕМАҚЫ КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

Жетісу облысы денешынықтыру және спорт басқармасы баспасөз қызметінің хабарлауына, ҚР Туризм және спорт министрлігі жаттықтырушы-оқытушыларға біліктілік үшін қосымша ақы алу тәртібін түсіндірді.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушыларына

жаттықтырушы-оқытушы шеберлігінің біліктілігі үшін жалақыға қосымша ақы алуға қалай өтінім беру керек?

Үстемақы кімдерге беріледі?

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен; Біліктілік тестін сәтті тапсырған; Оқу-жаттығу процесін ұлттық спорттық дайындық стандарттарына сәйкес жүргізетін мамандарға.

Қамтылатын ұйымдар:
— Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері (БЖСМ); Мамандандырылған БЖСМ; Олимпиадалық резерв мектептері
Маңызды:
Біліктілікті арттыру 5 жылда 1 рет өткізіледі. Өтінім оқу басталғанға

дейін кемінде 14 күн бұрын берілуі тиіс.

Оқу аяқталғаннан кейін: электрондық форматта тестілеу өткізіледі; біліктілікті арттыру туралы куәлік беріледі; біліктілік тестінен өткені туралы сертификат табысталады; құжаттарды жұмыс орнына тапсыру қажет. Өтінім электрондық лицензиялау порталы арқылы онлайн қабылданады.

КЕРЕК КЕҢЕС

ИССУДЫ ҚАЛАЙ ЖАҚҚАН ДҰРЫС?

ИССУДЫҢ ХОШИ ИСІ ДЕНЕДЕ ҰЗАҚ САҚТАЛУЫ ПАРФЮМЕРИЯНЫҢ ҚҰРАМЫНА ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР ОНЫ ДЕНЕГЕ ҚАЛАЙ ЖАҚҚАНҒА ДА БАЙЛАНЫСТЫ.

Талғамға сай таңдалған хош иістің бірнеше тамшысы суық күндері жылытып, қапырық ыстықта сергітеді. Ииссу таңдаудағы және жағудағы басты қағида – жағдайға сәйкестендіру және ұстамдылық. Хош иіс сіздің келгеніңіз жайлы атойламай, айналаңызда әлсіз ғана сезіліп тұрса жақсы.

Ииссуды таза денеге жаққан абзал. Түрлі дезодоранттардың иісі парфюмерияңыздың нәзік ноталарын басып тастауы мүмкін, сондықтан антиперспиранттар таңдағанда қатты иісі шықпайтынын таңдаңыз. Көп қыздар ииссуды білекпен жағып, қателеседі. Оны

саусақтың ұшымен нүктелі түрде немесе қақпағының тығынымен жағады.

Кішкентай бір тамшысын білегіңізге, шынтақтың бүгілетін жеріне, иығыңызға бір түртіп өтіп, құлағыңыздың бөбешігінің артына және кеудеңіздің жылғасына жағыңыз. Бұл жердегі теріден қан тамыры соғып тұрады әрі нәзік, жылы болып келеді. Ииссудың хош иісі нәзік, элегантты шлейфпен сізді бүркеп жүргендей болады.

Ииссу киімге теріс әсерін тигізуі мүмкін, сондықтан хош иісті жүн немесе теріден жасалған киімдерге жаққанда абай болыңыз. Ииссулар ашық түсті киімде майлы дақ қалдыруы мүмкін, сол себепті киімнің ішкі жағына жаққан дұрыс.

massaget.kz сайтынан алынды



Ешкінің «байы»	Плана	Мазақ, келеке	Домбыраға айналған шығарма	Ебедейсіз	Жасақ, болбыр	Мәлім	Жер өлшемі	Байзақов	Қазанға жабысып қалған сүт күйігі	Ұран
Үстем, паң	Ірі дала құсы	Өмірзақова	Батпақ	Бар жоғал	Өсімдікке зиян келтіруші жөндік	Сирия	Таудың өңіс жері	Фильмдегі сығарманы	Мінс көлігі	Түлік
Дерілік әсімдік	Премьер	Судағы бір клеткалы организм	Ашу	Көктемнің бас көзі	Долдас	Жамылғы	Зилзала, тасқын, жұт	Пәк, кіршіксіз	Қылыш қабы	
Мұхит жануары	Қанішер	Ұсақ, майда	Ашу	Монғол малшысы	Тайсон	Тірлік	Дел ортасы	Әдіс, тәсіл	Сөйлей алмайтын пенде	
Дерек	Ағаш жамылғысы	Жеке қорғаушы	Көне түркі жазба ескерткіші	Көп (ант.)	Бақша	Ісік ауру	Парина Назаровтың өңші қарындасы	Нығыз, берік		
Мемлекеттік сыйнайтын ағым	Дерігер киімі	Химиялық элемент	Пәру (Оңт. Америка)	Косметикалық сұйықтық	Мергендікке үйрететін жер	Ресей автокөлігі	Косметикалық май	Үйдің ашып жаппасы	Суда өсетін гүл	Балық түрі
Езу, жақ	Код, шифр	Темір дағы	Ескіше ай немесе қоңыз аты	Нарын, Мойынқұм	Жеке, дара	Ясир ...	Кір жуатын ұнтақ	Өдемі-бой жеткен	Көзделген жер	Азиядағы тау
Құс түрі	Ұлттық музыкалық аспап	«...» керіс	Нарын, Мойынқұм	Жеке, дара	Ясир ...	Кір жуатын ұнтақ	Өдемі-бой жеткен	Көзделген жер	Азиядағы тау	Ізет, өдеп
Намаз оқитын бағыт	Жан-досов	Отанға оралған қазақ	Ақ ұлпа	Ресейдің негізгі ұлты	Мал таңбасы	«Шайтан су»	Өзбекстаннан қуылған өңші	Наным, сенім	Түр, оң	«...» жығы
Жанар	Күйе	Өш	Сиыр жасы	Дәуір	Шаш кептіретін құрал	«Шайтан су»	Өзбекстаннан қуылған өңші	Наным, сенім	Түр, оң	«...» жығы
Қазақстан	Ой	Жырау	Көз кемтарлығы	Шын	Ағаш кесу құралы	Мұхаммед ...	Түрме	Сол (ант.)	Дене мүшесі	
Екінші шеше	Жады	Ресей қаласы	Ұлы жүз бабасы	Құран сүресі	Ормандағы ашық жер					
Белес										

ӨЛЕН КЕЛ - СКАНВОРД ШЕШЕЙІК

Оңашада тек отырмай, Сканвордты шешемін, Қиын сұрақ таптырмай, Таусылады міселім.

Сканворд шешу әдетім, Келе жатқан бұрыннан. Картаға жоқ тәбетім, Құмар ойнап бұзылман.

Одан қалса жыр жазам, Табылса жақсы тақырып. Ақындар жүр жырлаған, Хоббиларын жасырып.

Сканвордты шешкенде, Ұмытқан түсер есіңе. Аяқтап соңына жеткенде, Ұқсайды ісің біткенге.

Кел сканворд шешейік, Қатарласып екеуіміз. Ойымыз жатсын кеңейіп, Басқасын әкел шешеміз!

Сканвордты көріп қуана, «Алатауға» жазылғын. Келеді әр жұмада, Рухани азығың!

Сембек ӘБДІ-РАХМАН

ХАБАРЛАМА

09.06.2026 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Кельбай ауылы, Жеңіс көшесі 51 мекенжайында «Жетісу облысы Алакөл ауданында орналасқан "Қайыңды" ЖШС ірі қара мал бордақылау кешені» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: "Қаинды" ЖШС, БСН 010940007586, мекенжайы: Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Тоқжайлау ауылы, Бөгенбай батыр көшесі, 95. Тел.8(728)374-31-46, agrokabanbai@gmail.com. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. "Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, priroda@zhetisu.gov.kz. Тел.87282329867, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

09.06.2026г, в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Алакольский район, с.Кольбай, ул.Женіс 51 будет проводиться общественные слушания по откормочному комплексу крупнорогатого скота ТОО «Қаинды», расположенного в Алакольском районе области Жетісу.

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Қаинды», БИН 010940007586, адрес: область Жетісу, Алакольский район, с.Токжайлау, ул.Бөгенбай батыр 95. Тел. 8(728)374-31-46, agrokabanbai@gmail.com. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 87282329867, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Құрылтайшы: **Ырым КЕНЕНБАЙ**

Баспахана директоры
Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор
Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:

Гүлнұр БАЙМҰХАН – редактордың орынбасары
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
Дария ТАСҚЫНҚЫЗЫ – журналист-корректор

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН



Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция кезқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алатау-Болашақ" АҚ филиалы "Оффсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru Сайты: alatau_gazeti Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000 Тапсырыс № 392

Индекс 15534



Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ